

**МИНИСТЕРСТВО ИНДУСТРИИ И ИНФРАСТРУКТУРНОГО
РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ
ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨПРЛЕРДІ, ӨТПЕЖОЛДАРДЫ
ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ҮЙІНДІЛЕРМЕН
ТҮЙІСТІРУДІҢ ТҮРЛІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰСЫНЫМДАР**

ҚР Ұ 218-194-2022

**РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРИМЕНЕНИЮ РАЗЛИЧНЫХ КОНСТРУКЦИЙ СОПРЯЖЕНИЯ
МОСТОВ, ПУТЕПРОВОДОВ И ИСКУССТВЕННЫХ СООРУЖЕНИЙ
С НАСЫПЬЮ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ИНЖЕНЕРНО-
ГЕОЛОГИЧЕСКИХ И ПРИРОДНО-КЛИМАТИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ**

Р РК 218-194-2022

Ресми басылым

Издание официальное

Астана, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**ИНЖЕНЕРЛІК-ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ
ЖАҒДАЙЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨПІРЛЕРДІ, ӨТПЕЖОЛДАРДЫ
ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ҮЙІНДІЛЕРМЕН
ТҮЙІСТІРУДІҢ ТҮРЛІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰСЫНЫМДАР**

ҚР Ұ 218-194-2022

Ресми басылым

Астана 2022

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕНДІ

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы
(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)

2 ЕНГІЗІЛДІ

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ЖШҚ РМК

**3 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының «28» желтоқсан 2022 ж. № 154 бұйрығымен

4 КЕЛІСІЛДІ

«ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» АҚ 2022 жылғы 30 қарашадағы № 03-01/12-01/3581-И хатымен

5 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ

2027 жыл

ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік – құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және «InfoZhol – <http://infozhol.kad.org.kz>» электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы Ұсынымдарды Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Терминдер мен анықтамалар.....	7
4 Жалпы ережелер.....	9
5 Көпір құрылыстарын үймемен түйісулерінің құрылымдық шешімдері.....	10
6 Тіреулік қабырғалардың түрлері	18
7 Материалдарға қойылатын талаптар.....	22
8 Құрылымдық шешімдерге қойылатын жалпы талаптар.....	30
9 Көпір құрылыстарының үйінділермен түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар	41
10 Жүктемелер мен әсерлер	46
11 Жағалық тіректерді есептеудің жалпы ережелері	56
12 Тіреулік қабырғаларды есептеудің жалпы ережелері	62
13 Арматопырақ жүйелерін есептеудің жалпы ережелері.....	64
14 Көпір құрылыстарының үйіндімен түйісуін жөндеу және қайта құру.....	70
15 Инженерлік-геологиялық және табиғи-климаттық жағдайларға байланысты кіреберіс үйінділер мен жол төсемелерін салу жөніндегі инженерлік шешімдер	110
А қосымшасы - Көпір құрылысының үйіндімен түйісу құрылымдарының техника-экономикалық негіздемесі.....	120
Б қосымшасы - Арматопырақ жүйелерінің орналастыру және бұзу механизмдерінің мысалдары	124

1 Қолдану саласы

1.1 Осы ұсынымдар ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп кәсіпорындарының ішкі шаруашылық жолдарын қоса алғанда, барлық санаттағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелері мен жолдарында көпір құрылыстары мен тірек қабырғаларының жаңаларын жобалауға, қолданыстағыларын қайта жаңартуға және күрделі жөндеуге арналған нормалар мен қағидаларды белгілейді.

1.2 Бұл құжаттың ұсынымдары инженерлік-геологиялық және табиғи-климаттық жағдайларға байланысты көпірлерді, өткелдерді және жасанды құрылыстарды үйіндімен түйіндестірудің түрлі құрылымдарын жобалауға қолданылады.

1.3 Осы ұсынымдар жалпы пайдаланымдағы жолдар желісіне және су жолдарына жатпайтын ағаш дайындау және орман шаруашылығы ұйымдарының автомобиль жолдарын салуды; темір жолдарды; көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді өткізуге арналмаған коммуникациялық құрылыстарды жобалауға және салуға қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ұсынымдарда келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ЕЖ 1.02-105-2014 Құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер.

Негізгі ережелер

ҚР ЕЖ 2.01-101-2013 Құрылыс құрылымдарын тоттан қорғау

ҚР ЕЖ 2.03-30-2017* Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 Автомобиль жолдары

ҚР ЕЖ 3.03-112-2013 Көпірлер мен құбырлар

ҚР ЕЖ 5.01-101-2013 Жер құрылыстары, негіздер және іргетастар

ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 Ғимараттар мен құрылыстардың негіздері

ҚР ЕЖ 5.01-103-2013 Қадалық іргетастар.

ҚР ЕР 218-35-2016 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау жөніндегі нұсқаулық

ҚР ЕР 218-29-2016 Автомобиль жолдарын жөндеудің және күтіп-ұстаудың техникалық ережелері

ҚР Ұ 218-42-2021 Жол құрылысында геосинтетикалық материалдарды қолдану бойынша ұсыныстар

ҚР Ұ 218-129-2016 Табиғи-климаттық жағдайлар мен жолдар санаттары есепке алынған жол төсемелерінің оңтайлы құрылымдарының альбомы

ҚР Ұ 218-144-2018 Автомобиль жолдарының құрылымдық элементтерінің, оның ішінде салу, реконструкциялау, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден кейінгі жол жағдайының жөндеуаралық мерзімдерін белгілеу жөніндегі ұсынымдар

ҚР Ұ 218-151-2018 Түрлі климаттық аймақтар үшін автомобиль жолдарының жол төсемдері мен жер төсемдерінің су-жылу режимінің сипатты көрсеткіштерінің есептік мәндері бойынша ұсынымдар

ҚР ҚН ТК 8.07-06-2017 Автомобиль жолдарының жер төсемесі еңістерін геосинтетикалық полимерлі ұялы материалдармен нығайтудың технологиялық картасы.

ҚР СТ 973-2015 Жол және аэродром құрылысына арналған бейорганикалық тұтқырғыштармен өңделген тас материалдар мен топырақтар. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1274-2014 Битум және битум тұтқырғыштар. Жол эмульсиялары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1380-2017 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары. Жүктемелер мен әсерлер.

ҚР СТ 1549-2006 Автомобиль жолдары мен аэродромдардың жамылғылары мен негіздеріне арналған шағыл тасты-қиыршық тасты-құмды қоспалар және шағыл тас. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 380 -2005 Әдеттегі сапалы көміртекті болат. Маркалар.

МЕМСТ 2678-94 Жаппа және гидроқшаулағыш орама материалдар. Сынақ әдістері.

МЕМСТ 3282-74 Жалпы мақсаттағы төмен көміртекті болат сым. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 5781-82 Темірбетон құрылымдарын арматуралауға арналған ыстықтай илектелген болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6727-80 Темірбетон құрылымдарын арматуралауға арналған суықтай созылған төмен көміртекті болаттан жасалған сым. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8239-89 Ыстықтай илектелген болат қос таврлар. Түржиын.

МЕМСТ 8240-97 Ыстықтай илемделген болат швеллерлер. Түржиын

МЕМСТ 8731-74 Ыстықтай деформацияланған жіксіз болат құбырлар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 8734-75 Жіксіз суықтай деформацияланған болат құбырлар. Түржиын.

МЕМСТ 10178-85 Портландцемент және қожды портландцемент. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10704-91 Тік жікті электрмен дәнекерленген болат құбырлар. Түржиын.

МЕМСТ 10884-94 Темірбетон құрылымдарына арналған термомеханикалық біріктірілген болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 11955-82 Жол сұйық мұнай битумдары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 12248-2010 Топырақтар. Беріктік пен деформациялану сипаттамаларын зертханалық анықтау әдістері

МЕМСТ 12801-98 Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштар негізіндегі материалдар. Сынақ әдістері.

МЕМСТ 14098-2014 Дәнекерленген арматура мен темірбетон құрылымдарының қосылған бұйымдары. Типтері, құрылымдары және өлшемдері.

МЕМСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

МЕМСТ 20522-2012 топырақтар. Сынақ нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері

МЕМСТ 23161-2012 Топырақ. Шөгү сипаттамаларын зертханалық анықтау әдісі.

МЕМСТ 23732-2011 Бетондар мен құрылыс ерітінділеріне арналған су. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 23740-2016 Топырақ. Органикалық заттардың құрамын анықтау әдістері.

МЕМСТ 25100-2011 Топырақтар. Жіктелімі.

МЕМСТ 25607-2009 Автомобиль жолдары мен аэродромдардың жамылғылары мен негіздеріне арналған шағыл тасты-қиыршық тасты-құмды қоспалар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 26020-83 Сөрелердің параллель қырлары бар ыстықтай илектелген болат қос таврлар. Түржиын.

МЕМСТ 27751-2014 Құрылыс құрылымдары мен негіздердің сенімділігі. Негізгі ережелер.

МЕМСТ 28013-98 Құрылыс ерітінділері. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 31384-2017 Бетон және темірбетон құрылымдарын тоттан қорғау. Жалпы техникалық талаптар.

МЕМСТ 32703-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Тау жыныстарынан алынған шағылтас және қиыршық тас. Техникалық

талаптар

MEMСТ 32730-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Уақталған құм. Техникалық талаптар.

MEMСТ 32960-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Нормативтік жүктемелер, жүктеудің есептік сұлбалары.

MEMСТ 33390-2015 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Көпірлер. Жүктемелер мен әсерлер.

Ескертпе - нұсқаулықты пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіші және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нұсқаулықты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ұсынымдарда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 арматопырақты жүйе: Негіз топырағынан, үйінді топырағының тығыздалған қабаттарынан және металл өзектер, жолақтар, арматуралық қаңқалар немесе геосинтетикалық маталар, шарбақтар, торлар, белгілі бір тік кадаммен үйінді топырағының қабаттары арасында орналастырылған және әртүрлі құрылымдардың қаптамалары түріндегі арматуралық элементтерден тұратын жүйе.

3.2 геосинтетикалық материалдар (геосинтетика): Құрамдас бөліктерінің бірі төсеме, жолақ немесе топырақпен және (немесе) басқа материалдармен жанасуда пайдаланылатын үш өлшемді құрылым түрінде синтетикалық немесе табиғи полимерден жасалған материалдарды сипаттайтын жалпы термин; материалдар геотехникалық және азаматтық құрылыстарда пайдаланылады.

3.3 геошарбақтар: Тұрақты тор түріндегі жалпақ құрылым, (экструзия, дәнекерлеу немесе тоқылу) бойлық және көлденең элементтердің созылуына берік етіліп жасалған сенімді қосылыс, тесіктерінің мөлшері элементтердің мөлшерінен үлкен.

3.4 топырақты анкер: Негізге берілетін тек тарту күштерін қабылдай алатын құрылымдық элемент.

3.5 топырақтың белсенді қысымы: Құрылым топырақ бағыты бойынша жылжитын құлау бетінің қалыптасу сатысына сәйкес келетін шекті тепе-теңдік күйіндегі қоршау құрылымдарына түсетін топырақтың күштік әсері.

3.6 топырақтың пассив қысымы: Құрылым жерге қарай ығысқан кезде сыртқа шығару бетінің қалыптасу сатысына сәйкес келетін шекті тепе-теңдік күйіндегі қоршау құрылымына түсетін топырақтың күштік әсері.

3.7 жол төсемесі: Автокөлік құралының жүктемесін қабылдайтын және оны жерге беретін автомобиль жолының жүріс бөлігінің шегіндегі көп қабатты құрылым.

3.8 жер төсемесі: Жол төсемесін, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастырудың және автомобиль жолын жайластырудың техникалық құралдарын орналастыру үшін негіз болып табылатын құрылымдық элемент.

3.9 қор коэффициенті: Құрылымның оған іргелес жүктемелерге есептеуден жоғары төтеп беру қабілетін көрсететін шама.

3.10 орнықтылық коэффициенті: Құлама немесе еңістің тұрақтылық дәрежесін анықтайтын сандық мән.

3.11 көпір құрылысы: Табиғи немесе жасанды кедергі арқылы жолды, арнаны немесе құбырды ауыстыруға арналған жасанды құрылыс (көпір, өтпешол, эстакада, виадук, акведук, галерея).

3.12 үйінді: Берілген конфигурациясы бар, табиғи немесе техногендік топырақтардан оларды әртүрлі тәсілдермен төгу және тығыздау жолымен орналастырылатын геотехникалық құрылым.

3.13 шөгү үйіндісінің негізі: Үйінді салмағынан жүктеме астында немесе қалыңдықты біріктіру шарттары өзгерген кезде топырақтың шоғырлануына байланысты үйінді негізінің бетінің баяу және біркелкі емес қозғалыстары.

3.14 жол төсемесінің негізі: Жамылғы астында орналасқан және жамылғымен бірге құрылымдағы кернеулерді қайта үлестіруді және олардың жер төсемесінің жұмыс қабатының топырағындағы (төселетін топырақтағы) шамасын азайтуды, сондай-ақ құрылымның аязға төзімділігі мен құрғауын қамтамасыз ететін автомобиль жолының жол жамылғысы құрылымының бір бөлігі.

3.15 өтпелі тақта: Көпірдің кіреберіс үйіндісімен бір ұшымен тіректің шкаф қабырғасына немесе аралық құрылымның консоліне, ал екінші ұшымен кіреберіс үйіндісіндегі көлденең шабаққа сүйенетін темірбетон тақтасы түріндегі түйісу элементі.

3.16 тіреу қабырғасы: Биіктік белгілері төмендеген кезде көлденең қысымды қабылдау және топырақты ұстап тұру үшін орындалатын құрылым, ол дербес құрылым бола алады немесе күрделі құрылыс нысанның бөлігі бола алады.

3.17 жол төсемесінің жамылғысы:Автокөлік құралдарының доңғалақтарынан күшті қабылдайтын және атмосфералық факторлардың тікелей әсеріне ұшырайтын төсемесінің құрылымдық элементі; жамылғы жол төсемесінің жоғарғы қабаты бола отырып, жол бөлігінің пайдалану қасиеттерін айқындайды; жамылғыға тозу қабаты және кедір-бұдырлы беткі қабаттар да кіреді.

3.18 бұзылудың шектік күйі: Құрылыстың бұзылуы немесе қатты зақымдануы.

3.19 кіреберістермен түйісулер: Көпірлік құрылысының тіректің артында кіреберіс үйіндісіне жанасу торыбының құрылымдық орындалуы.

3.20 нығайтылған топырақ: Топырақты тікелей жолда (фрезаларды пайдалана отырып) цементпен немесе басқа да органикалық емес тұтқырмен және сумен араластыру арқылы алынатын, жобалық және аралық мерзімде беріктігі мен аязға төзімділігі бойынша нормаланатын сапа көрсеткіштеріне жауап беретін жасанды материал.

4 Жалпы ережелер

4.1 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының үйінділермен және тіреу қабырғалармен түйісуін жобалау кезінде:

- салу және пайдалану үдерісінде құрылыстардың сенімділігін, ұзақ мерзімділігін және үздіксіз пайдаланылуын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындау;

- материалдарды үнемді жұмсауды, жанармай және энергетикалық ресурстарды үнемдеуді, салумен пайдаланудың құны мен еңбек сыйымдылығын төмендетуді қамтамасыз ететін жобалық шешімдер қабылдау;

- құрылымдарды тұрғызудың жоғары қарқынын қамтамасыз ету, құрылыс өндірісін механикаландыру мен автоматтандырудың заманауи құралдарың негізінде құрылысты кеңінен индустрияландыру, нормативтік құжаттарға сәйкес материалдарды пайдалану мүмкіндігін көздеу;

- қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды қарастыру;

- қабылданған құрылымдық-технологиялық шешімдерді іске асыру үшін қажетті технологиялық регламенттерді әзірлеуді қарастыру.

4.2 Көпір құрылыстары мен тіреу қабырғаларының түйісуі бойынша


жобаларда қабылданатын негізгі техникалық шешімдерді бәсекеге қабілетті нұсқалардың техника-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру арқылы негіздеу қажет. А қосымшасында көпір құрылыстарының үйінділермен түйісуінің әртүрлі құрылымдарын техника-экономикалық салыстырудың мысалы келтірілген.

5 Көпір құрылыстарының үйімен түйіндесуінің құрылымдық шешімдері

5.1 Қолданыстағы көпір құрылыстарының үйімен түйіндесуі

5.1.1 Көпір құрылысының үйіндімен түйіндесуінің дәстүрлі түрлеріне 3.503.1-96 сериялы «Автожол көпірлері мен өтпелі жолдардың үйінділермен түйіндесуі» типтік жобасы бойынша қабылданған, СоюздорпроектГипродорНИИ Воронеж филиалымен бірлесіп әзірлеген.

5.1.2 Типтік жоба бойынша түйіндесу құрылымы бір ұшымен тіреудің шкаф қабырғасына, ал екінші ұшымен шағыл тасты-құмды төсеніштің темірбетон жатынына сүйенетін темірбетон тақтасы болып табылады (1-сурет) [1].



- а) - цементбетон жамылғысы үшін - беткі тип; - асфальтбетон жамылғылары үшін:
 б) – жартылай тереңдетілген және в) - тереңдетілген; 1 – аралық тақта; 2-өтпелі тақта; 3-ірі және орташа түйіршікті құм; 4-құрғататын топырақ; 5-қиыршық тасты-шағыл тасты төсем; 6-нығайтылған топырақ немесе асфальтбетон

1 – сурет - Көпір құрылыстарының үйіндімен түйісу құрылымы

5.1.3 Ұзындығы үйіндінің биіктігіне сәйкес келетін темірбетон жалпақ өтпелі тақталар кеңінен қолданылады, үйіндінің биіктігі 2 м-ден 8 м-ге дейін болғанда, тақтаның ұзындығы 4, 6, 8 метрді құрайды.


Тереңдетілген тақта үшін тақтаның үйіндіге қарай бойлық еңісі 1:8, жартылай тереңдетілген тақтаның - 1:12 құрайды.

Өтпелі тақталар жамылғы құрылғысы мен бір мезгілде төселуі тиіс.

5.2 Көпірдің цемент топырақты үйіндісімен түйісу құрылымдары

5.2.1 Көпірдің үйіндімен түйісуінің тағы бір нұсқасы - цемент топырақты төсенішінің кіреберістері мен конустарында толтырғыш ретінде пайдалану.

5.2.2 2 және 3-суреттерде үйіндінің биіктігі 3 м-ге дейін және 3 м-ден астам болған кезде көпір құрылыстарына кіреберістердегі жер төсемесінің құрылымдары келтірілген [2].



1 - асфальтбетон; 2 – жол төсемесі; 3 - көпір; 4 - цементтопырақ;
5 - тас дренаж

2-сурет - Көпірге кіреберістердегі жер төсемесінің және үйіндінің биіктігі 3 м-ге дейін болған кезде цементтопырақтан тұрғызылатын конустардың құрылымы

5.2.3 Бұл әдіс құрылыс алаңының тығыздығына байланысты топырақты мұқият тығыздау мүмкін болмаған кезде қолданылады, яғни топырақтың ұсынылған құрамына цемент қосқан кезде, бұл топырақтың беріктігі мен аязға төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

5.2.4 Ұсынылған әдіс келесіндей мүмкіндіктер береді:


- топырақтың тығыздалмауы салдарынан түйісу орындарында үйіндінің деформациясын болдырмау;

- қолданылатын Топырақтардың номенклатурасын кеңейту. Дренаждыдан басқа, цементпен нығайтуға жарамды кез-келген топырақты қолдануға болады;

- жол жамылғысын төсегенге дейін жер төсемесін ұстау уақытын қысқарту;

- кейбір жағдайларда түйісулер мен конустар орындарында үйіндінің еңістерін нығайту жөніндегі жұмыстардан бас тарту.

5.2.5 Жасанды құрылыстармен түйіскен жерлерде және конустарды орнату кезінде топырақтың түрін және оның ықтимал тығыздалу дәрежесін ескере отырып құрастырылған жер төсемесін салу кезінде топырақты нығайту үшін қажетті цементтің мөлшері 5.1-кестеде көрсетілген.



- 1 - асфальтбетон; 2 –жол төсемесі; 3 –өтпелі тақта; 4 - көпір; 5 - цементтопырақ; 6 –дренажды топырақ

3-сурет - Үйіндінің биіктігі 3 м астап болғанда көпір кіреберістеріндегі жер төсемесі мен конустардың құрылымы

5.1-кесте - Цементтің ұсынылатын мөлшері

Топырақ	Цементтің ұсынылатын мөлшері, %, тығыздау коэффициенті К болғанда		
	0,95	0,90	0,85
Ұсақ бірөлшемді құмдар	4 - 5	6 - 7	7 - 8
Шаңды құмдар мен құмдақтар	3 - 4	5 - 6	6 - 7
Саздақтар	2 - 3	3 - 5	6 - 7

5.2.6 Жасанды құрылыстармен түйіскен жеріндегі үйменің биіктігі 3 м-ден аспаған кезде құрылысқа жанасатын үйменің телімдері мен көпірлердің (өтпе жолдардың) конустары ұсынылған құрамның цемент-топырағынан толық биіктікке тұрғызылады (2-сурет).

5.2.7 Түйіскен жерлердегі үйінді телімінің ұзындығы жоғарғы жағынан кемінде 5-6 м, ал төменгі жағынан кемінде 1,5...2 м болуы тиіс.

5.2.8 Цементтопырақтан жасалған жер төсемесінің көпірлермен (өтпе жолдармен) түйіскен жерлеріндегі өтпелі тақталар тек екі жағдайда ғана орнатылады:


- 1) кіреберістердің цементбетон жамылғысында;
- 2) үйінді негізінде жоғары сығымдалатын топырақ болған жағдайда.

5.2.9 Жасанды құрылыспен түйіскен үйменің биіктігі 3 м артық болған кезде, құрылысқа іргелес үйме телімдері мен көпірлердің (өтпешолдардың) конустары тек үйменің жоғарғы бөлігінде (1,5...2 м) ұсынылатын құрамдағы цементтопырақтардан жасалады, ал үйменің төменгі бөлігі кемінде 0,95 тығыздау коэффициентімен дренажды топырақтардан құйылады (3-сурет).

5.3 Көпірдің интегралдық тіректері бар үйіндімен түйісу құрылымдары

5.3.1 Шетел тәжірибесінде шағын және орта ұзындықтағы көпірлер мен жол өтпелерін салу кезінде өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап құрылыстардың интегралдық сұлбалары енгізілуде.

5.3.2 4-суретте интегралды тіреулері бар көпірдің құрылымдық сұлбасы келтірілген.




4 -сурет - Интегралды тіреулері бар көпір

5.3.3 Интегралды көпірлер дәстүрлі көпірлермен салыстырғанда жүйенің жұмысын жақсартатын арнайы тірек құрылымдарға ие. Интегралды тіреулері бар көпірлерде немесе жол өтпелерінде аралық құрылымдар мен тіректер бір-бірімен тығыз байланысты және деформациялық жіктер мен тірек бөліктерінсіз біртұтас құрылымды құрайды. Бұл жағдайда су өткізбеушілік қамтамасыз етіледі және осылайша тірек құрылымына жолдан судың түспеуіне кепілдік беріледі және іргетас қабырғасынан тыс

топырақтың ылғалдану ықтималдығы, демек сусымалы топырақтың шөгу ықтималдығы төмендейді.

5.3.4 Көпір құрылыстарының интегралдық және жартылай интегралдық тіреулері бар үйіндімен түйісуінің құрылымдық сұлбалары 5-суретте көрсетілген.



а – жартылай интегралдық типі; б - интегралдық тип; 1 – аралық құрылым; 2 – өтпелі тақта; 3 – сырғубеті; 4 – тіреу бөлігі; 5 - Тіреуге бекітелген аралық құрылыстың арқалықтары; 6 – болатқада

5 - сурет - Интегралдық және жартылай интегралдық тіректердің құрылымдары.

5.3.3 Интегралдық тіректері бар көпір құрылыстарының артықшылықтары:

- құрылымның қарапайымдылығы мен тұтастығы;
- күтіп-ұстау шығындарының аздығы;
- өтпе жолдың үйінділермен түйіскен жерінде өту сапасының жақсаруы;
- үйіндіні тұрғызу жеңілдігі.

5.4 Көпір құрылыстарын үйіндімен қисық сызықты өтпелі тақталармен түйінді тәсілі


5.4.1 Құрылымдық-технологиялық тұрғыдан алғанда, көлік құралдарының тегіс қозғалысына қисық сызықты өтпелі тақталардың көмегімен қол жеткізуге болады, оларды пайдалану көлік құралдарының соққы-динамикалық әсерін азайтады және түйісу құрылымы мен жол жамылғысының беріктігін арттырады.

5.4.2 Үйіндіге қарай иілген өтпелі тақталарды қолдану бойлық пішінді «тік» етеді, бұл деформациялық жік пен іргетас аймағындағы көпір

құрылымына көлденең әсерді арттырады.

5.4.3 Дөңес өтпелі тақталарды қолдану бойлық пішіннің сынуының екінші бұрышын тегістеуге мүмкіндік береді (көпір тіреуінде), себебі өтпелі тақтаның соңына қарай оның бойлық пішіні аралық құрылым тақтасының бойлық пішіміне сәйкес келеді және осы аймақта көлік құралының тегіс өтуін қамтамасыз етеді. Бұл шешім осы телімнің тегіс өтуі кезінде көлік құралдарымен орын алатын дүмпуні болдырмау арқылы көпір құрылысына көлденең әсерді азайтуға мүмкіндік береді, бірақ өтпелі тақтаға кіру аймағын жетілдіруді қажет етеді.

5.4.4 Шын мәнінде тақталы емес, қабықты құрылым болып табылатын S-тәрізді өтпелі тақталарды пайдалану жоғарыда сипатталған бойлық пішіннің екі бұрышын да тегістеуге мүмкіндік береді (өтпелі тақтаға кіру кезінде де, көпір тірегінде де), себебі өтпелі тақтаның бастапқы телімінің бойлық пішіні жол жамылғысының бойлық пішіміне сәйкес келеді, ал өтпелі тақтаның соңына қарай оның бойлық пішіні аралық құрылымның бойлық пішіміне сәйкес келеді және автомобильдің екі аймақта да тегіс өтуін қамтамасыз етеді. Мұндай шешім көлік құралының көпір құрылысына көлденең әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. S-тәрізді өтпелі тақтаны қолданудың сұлбалы құрылымы 6-суреттер келтірілген.



1 – төсемесінің шағыл тасты және басқа да негізі; 2-жол төсемесінің төменгі қабаты;
3-жол төсемесінің жоғарғы қабаты; 4-S-тәрізді өтпелі тақта; 5-көпір тірегі;
6-деформациялық жік; 7-аралық құрылым; 8-монолитті жатақ; 9 – монолитті жатынның шағыл тасты төсемі; 10 - иілген өтпелі тақтаның шағыл тасты-құмды төсемі; 11-фермалық

6-сурет -S-тәрізді өтпелі тақталарды қолдана отырып, көпір құрылысының кіреберіс үйіндімен түйіндіструдің құрылымдық сұлбасы

5.4.5 S-тәрізді өтпелі тақтаның құрылымы иілген және дөңес өтпелі тақталардың ең жақсы қасиеттерін пайдалануға мүмкіндік береді және өтпелі

тақтаның біртіндеп өзгертін бойлық пішініне байланысты «жұмсақ» өтуді қамтамасыз етеді.

5.4.6 S-тәрізді өтпелі тақталарды пайдалана отырып, көпір құрылыстарынан үйіндімен түйіндесудің құрылымдық шешімінің артықшылығы теріс соққы-динамикалық әсерлерді азайту жолымен көпір құрылысының кіреберіс үйінділерімен түйіндесуінің пайдалану сапасын арттыруға мүмкіндік береді.


5.4.7 Бұл әдістің негізгі кемшілігі - қисық сызықты тақталарды дайындау технологиясының күрделілігі.

5.5 Көпір құрылыстарын тіреу қабырға және монолитті өтпелі тақталар бар үйінділермен түйіндестіру тәсілі

5.5.1 Тіреу қабырғалары тұрақсыз жер төсемесінің топырағын ұстап тұруға арналған. Олар бутобетонды, бетонды, темірбетонды, арматопырақты, габионды болуы мүмкін; құрылымдық шешім бойынша - монолитті, құрастырмалы және құрастырмалы-монолитті болып бөлінеді.

5.5.2 Бетон және бутобетонды массивті қабырғалар арасында көлденең жіктері бар ұзындығы 10...20 м секциялармен орнатылады. Қабырғаға түсетін суды жинау және ағызу үшін шығарғыш қабырғаасты кәріз салынады.

5.5.3 7-суретте көпір құрылыстарының бұрыштық типтегі тіреу қабырғасы бар кіреберіс үйіндімен түйісуінің құрылымы келтірілген.



1- тіреу қабырға; 2-анкерлік тартқыш; 3-іргетастың шкаф қабырғасы; 4-монолитті өтпелі тақта; 5-шағыл тасты-құмды әзірleme; 6-аралық құрылым; 7-қиыршық тасты-шағыл тасты төсе; 8-топыраққа анкерленгенанкерлік тартқыш

7-сурет – Тіреу қабырғасын қолдана отырып, көпірді үйіндімен түйіндестіру құрылымы

Қабырғаның құлауға қарсы тұрақтылығын арттыру және ығысу күшін азайту үшін анкерлік тартқыштар орнатылады. Осының арқасында алдыңғы тақтаның консоль аралығы ретінде емес, тартқыш жанасқан жерде топсалы тіреуіш ретінде қызмет атқаратын иілу жағдайы жақсарады.

5.5.4 Көпірдің үйіндімен түйіндесі құрылымында ұзындығы 10 м монолитті өтпелі тақтаның құрылысы қарастырылған. Тақтаның көлденең қимасының биіктігі 50 см.


5.5.5 Топыраққа бекіту кезінде анкерлік тартқыш опырылу призмасынан тыс орналасуы тиіс.

5.6 Арматопырақ құрылымдарын қолдана отырып, көпір құрылыстарын үйімен түйіндестіру тәсілі

5.6.1 Соңғы жылдары арматопырақты құрылымдар көпір құрылыстарын салу үшін кеңінен қолданылды. Көбінесе олар әртүрлі функцияларды орындайтын жағалық тіреулер (тірегіштер) ретінде қолданылады, мысалы, көптеген көпір құрылыстарында жол өтпесін жағалық тіректері мен кіреберіс үйінділерін геомассивтеріментүйіндестіру ретінде бөлек функциялары бар тіреулер қолданылады.

Арматопырақты жүйелері бар жағалық тіректердің үлгілері Б қосымшасында келтірілді.

5.6.2 Көпірлер мен жол өтпелерінің көпфункционалды арматопырақты жүйелері (8-сурет) мыналарды қамтуы тиіс:



1 - аралық құрылым; 2-негіздің тірек элементтері; 3-арматопырақты жүйенің алдыңғы қабырғасы; 4-алдыңғы қабырға іргетасының қадалары;

5-тірек ростверктерді түсіруге арналған арматопырақ жүйесін тереңдету; 6-қауіпті сырғу бету; 7-ықтимал сырғыма беткейінің табиғи беті; 8-арматопырақ жүйесі;

9-өтпелі тақталар

8-сурет– Көпірлер мен өтпелердің көпфункционалды арматопырақты жүйелері

- үйінді топырағының қысымынан шеткі тіректерді жеңілдеті және конусты алып тастау, яғни бөлек функциялары бар тіреу сұлбасын қамтамасыз ету;

- кіреберіс үйіндісінің салмағынан пайда болатын топырақ қысымынан шеткі тіректердің іргетастарының ростверктерін жеңілдету;

- көпір немесе жол өтпесі құрылымдарын көшкін беткейлерінің әсерінен қорғау;

- үйіндінің шеткі бөлігінің шөгуін, егер ол негіздің әлсіз топырақтарымен төселсе, қада алаңына және иілгіш ростверкке сүйенетін «аспалы» үйіндіні салу жолымен азайту;

- үйіндінің оське көлденең бағыттағы беріктігі.

5.6.3 Көпірдің үйінділермен түйісуінде арматопырақ жүйелерінен және геосинтетикалық материалдармен арматураланған бөлек функциялары бар тіреулерден тұратын тәсілдердің жаңа құрылымдарын қолдану келесіндей мүмкіндіктер береді:

- шеткі екі аралықты алып тастап, көпірдің ұзындығын қысқарту;

- екі (шеткі) тіректі және екі (шеткі) аралық құрылысты жою;

- конус құрылысы мен оларды бекітуден құтылу.

5.6.4 Арматопырақ жүйелерін пайдалана отырып көпір кіреберістерінің жаңа құрылымдарының тиімділігі келесілерді төмендеумен қамтамасыз етіледі:

- еңбек сыйымдылығын -45%;

- материал сыйымдылығын -35 %;

- құрылыс мерзімін -40%;

- құрылыс құнын -30%;

- құрылыс ауданындағы экологиялық жүйеге теріс әсер етуді.

6. Тірек қабырғалардың түрлері

6.1 Тірек қабырға тәуелсіз нысан бола алады немесе үлкен күрделі құрылыс нысанының бөлігі бола алады.

Тірек қабырғалар келесі параметрлер бойынша бөлінеді:

- кеңістіктік орналасу бойынша;

- дайындау тәсілі;

- қызмет мерзімі;

- қабылданған жүктемелердің түрі;

- тіреу қабырғасының элементтеріне жүктемені бөлу тәсілі;

- топырақпен өзара әрекеттесу сипаты;

- тұрақтылықты қамтамасыз ету тәсілі;
- сулы деңгейжиекке қатынасы.

6.1.2 Кеңістіктік орналасуы бойынша тірек қабырғалары сызықтық құрылым болып табылады.

6.1.3 Дайындау тәсілі бойынша тіреуіш қабырғалар тірелетін топырақ немесе үйінді қалыптасқанға дейін тұрғызылатын [а) сипаттамасында] және қолдамалы топырақ қалыптасқаннан кейін орнатылатын б), в), г) сипаттамаларында] болып бөлінеді:

а) үйінділерде, алдын ала әзірленген қазаншұңқырлар мен ойықтарда орнатылатын тірек қабырғалар; осы құрылыстарға массивті және бұрышты тірек қабырғалар жатады;

б) жиналмалы (алдын-ала дайындалған темірбетон, болат, ағаш, композитті және т.б.) элементтерден жасалған, балғамен, дірілбатырғыштармен, дірілқысқыштармен, дірілсоққылармен, қысыммен және айналмалы-қысқыштармен топырақты алмай батырылатын қабырғалар;

в) алдын-ала жасалған ұңғымаларда немесе тар орларда (ені қабырғалардың қалыңдығына сәйкес келетін орлар) түрлі материалдармен (бетон қоспасы, темірбетон, болат, ағаш, композициялық элементтер, саз, шағыл тас және т. б.) толтыру арқылы орналастырылатын тірек қабырғалар;

г) орнату орнында топырақтың қасиеттерін өзгерту арқылы орындалатын тірек қабырғалары (мысалы, ағынды технология бойынша орындалатын топырақцемент элементтерінен).

6.1.4 Қызмет ету мерзімі бойынша тірек қабырғаларыкелесіндей бөлінеді:

- а) тұрақты-нысанды салу және пайдалану кезеңінде пайдаланады;
- б) уақытша-нысанды салу кезеңінде ғана пайдаланылады.

6.1.5 Қабылданатын жүктемелердің түрі бойынша тірек қабырғалары мынадай түрлерге бөлінеді:

- а) көтергіш-топырақтың, жерасты суларының қысымын, сондай-ақ көлік құралдарының тік жүктемелерін қабылдайды;
- б) көтермейтін - тек топырақ пен жер асты суларының қысымын қабылдайды.

6.1.6 Жүктемені бөлу әдісі бойынша тірек қабырғалары бөлінеді:

а) тұтас – оның элементтері арасындағы саңылаусыз үздіксіз құрылым түрінде топырақ қысымы осындай тіреу қабырғаларының бүкіл бетімен салыстырмалы түрде біркелкі қабылданады;

б) дискретті – бір-бірінен белгілі бір қашықтықта батырылатын жеке құрылымдық элементтер түрінде – топырақтың қысымы осындай тіреу

қабырғаларының жеке тірек элементтерімен қабылданады, ал элементтер арасында топырақтың тұрақтылығы аркалық әсер немесе қосымша шаралар жасау арқылы қамтамасыз етіледі.


6.1.7 Топырақ пен өзара әрекеттесу сипаты бойынша тірек қабырғалары бөлінеді:

а) массивті – топырақты ұстап тұру, өз салмағының есебінен жылжуға және құлауға қарсы тұру. Алдын ала жасалған кеңорларға немесе жер бетінде орналастырылады.

Материал ретінде қабырғалар темірбетон, бетон, бутобетон немесе құрастырмалы блоктардан және т.б. жасалады. Тік, көлбеу немесе сатылы қырлары болуы мүмкін. Айтарлықтай биіктікте құрылымдар бүйір тіректермен жасалады. Массивтік тіреу қабырғаларына тән конфигурация и 9-суретте көрсетілген;


б) бұрыштық тіреу қабырғалары – қосымша жүктеме есебінен жылжуға және құлауға қарсы тұра отырып, топырақты ұстайды.

Тірек қабырғалар алдын-ала жасалған кеңорларда немесе жер бетінде табиғи негізде немесе қадалар негізінде орналастырылады.



9-сурет- Массивті тірек қабырғалар

Материал ретінде негізінен темірбетон немесе басқа материалдар қолданылады, олар консольмен де, анкерлік тартқыштарымен де немесе тіректермен де орнатылады. Бұрыштық тіреу қабырғаларының тән пішіні 10-суретте көрсетілген;




а – бұрыштық консольдық; б – бұрыштық анкерлік; в – бүйіртіректі;
 г – бұрыштық құрастырма консольдық;
 д – бұрыштық құрама-монолитті
 1-бет тақтасы; 2-іргетас тақтасы; 3-монолитті бетон; 4-аялдама

10-сурет-Жұқа қабырғалы тірек қабырғалар

в) иілгіш тіреу қабырғалары - топырақты ұстап тұрады, тығыздау және кейбір жағдайларда бекіту құрылымдарына (тіректер, анкерлер және т.б.) байланысты ығысуға және құлауға қарсы тұрады. Алдын-ала жасалған ұңғымаларда, тар орларда немесе топырақты алдын-ала өңдеусіз (мысалы, басу арқылы) орналастырылады.

Бұл типке ор түріндегі «топырақтағы қабырға» әдісімен, бұрғылау қадаларынан, жер асты элементтерінен, болат құбырлардан немесе қос таврлардан жасалған қоршаулардан, тығын қоршаулардан және т.б. орналастырылған тіреу қабырғалары жатады. Иілгіш тірек қабырғалардың үлгілері 11-суретте келтірілді.



1 — қабырғалар; 2 — анкерлер; 3 — тік қадалар; 4 — көлбеу қадалар; 5 — ростверктер;
 6 — экрандар; а, б – тығын, қадалы және орлы анкерленген;
 в — көпқатарлықадалы анкерлер; г — асылмалы қадалы жүйелер түрінде

11-сурет–Анкерленген тірек және тығын қабырғалар

Биік үйінділерде тіреу қабырғалары жер төсемінің беткейлерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

7 Материалдарға қойылатын талаптар

7.1 Көпір құрылыстарын үймемен түйіндестіру материалдарына қойылатын талаптар

7.1.1. Тіректер мен конустардың артына дренажды себуді орнату үшін кату кезінде көлемі ұлғаймайтын топырақтар мен материалдар қолданылады: ірі және орташа құм, ұсақ шаңсыз құм (0,1 мм-ден кем бөлшектер 25%-дан көп емес), металлургиялық қож. 0,98 шамасына дейін нығыздалғаннан кейін дренажды топырақтың сүзу коэффициенті 2...3 м/тәуліктен кем болмауы тиіс.

7.1.2 Батпайтын конустар мен еңістерді, сондай-ақ су астында қалатын (жеңілдетілген гидравликалық режим жағдайында) тұтас құрылымдардан басқа, ҚР ҚН ТК 8.07-06-2017 сәйкес геосинтетикалық полимерлі ұялы материалдармен нығайтуға болады.

Қалалық жол өтпелерінде және көпірлердің бастпайтын конустарында торлы құрылымдардың ұяшықтарын толтыру үшін арнайы таңдалған шөптерді егумен бірге түрлі-түсті шағыл тасты қолдану ұсынылады.

7.1.3. Көлік құрылыстарының үйінділері мен тіреу қабырғаларын қайта толтыру ретінде пайдаланылатын топырақтар төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс (7.1-кесте).

7.1-кесте – Шашу топырақтарына қойылатын талаптар

№	Бақыланатын параметр	Толтыру топырағы жол төсемесінің негізі болып табылады	Толтыру топырағы жол төсемесінің негізі болып табылмайды(*)
1	Үгітілген топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы, суға қаныққан күйде, град	25 кем емес	18 кем емес
2	Илемділік саны, Ір	-	20 көп емес
3	Түйіршіктік құрамның әртектілік коэффициенті, K60/10 (Cu)	5 кем емес	3 кем емес
4	мөлшері 0,1 мм кіші бөліктердің көлемі, %-да салмағы бойынша	20 көп емес	регламенттелмейді

Ескертпе: (*) Сазды топырақты қайта толтыру ретінде пайдалану мүмкіндігі құрылыстың осы түрі үшін рұқсат етілген деформация мәндерін ескере отырып, есептеумен негізделуі қажет.

7.1.4 Көлемі 50 мм-ден астам қиыршық тасты қоспалары бар топырақты қолдануға жол берілмейді. Жобалау мақсаттары үшін топырақтың үлестік ілінісу шамасы (C) әдетте, нөлге тең деп қабылданады. Суға қаныққан топырақтың ұзақ уақытты беріктігі мен сырғуына арнайы зерттеулер болған кезде, меншікті іліністі 5 кПа дейін арттыруға жол беріледі.

Қолайсыз құрылыс қасиеттері бар және сыртқы факторлардың әсерінен (шөгу (МЕМСТ 23161), ісінгіш (МЕМСТ12248), тұзды және биологиялық қалдықтар (МЕМСТ 23740) және т.б.) әсерінен олардың сипаттамаларын өзгертетін топырақты қайта толтырғыш ретінде пайдалануға әдетте, жол берілмейді. Оларды пайдалану мүмкіндігін құзыретті мамандандырылған ұйым растауы тиіс.

Көпір құрылыстарына кіреберістерде үйіндінің негізі мен денесі ретінде шаңды саздақтар мен сазды топырақты қолдану ұсынылмайды. Сонымен қатар, тіректердің артына және көпір құрылыстарының конустарына топырақ төгу үшін жер төсемінің үйіндісінің маусымдық деформациясына әкелетін байланысты сазды топырақты қолдану ұсынылмайды.

7.1.5 Толтырғыш ретінде 29% - ға дейін сумен қаныққан және 23% - ға дейін табиғи ылғалдылығы бар әктасты пайдалануға болады.

7.1.76 Құрылыстың динамикалық әсерлерге ұшыраған бөліктерінде тиксотропты қасиеттері бар топырақты төсемеу қажет.

7.2 Көпір құрылыстарын цементтопырақтан жасалған үймемен түйіндестіру материалдарына қойылатын талаптар

7.2.1 Үйіндіні нығайту үшін жасанды құрылыстармен түйіскен жер төсемін орнату кезінде ҚР СТ 973 талаптарына сәйкес келетін цемент және басқа да бейорганикалық тұтқырғыштарды қолдану ұсынылады.

7.2.2 Нығайту үшін қолданылатын цементтер МЕМСТ 10178 талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Цемент маркасы «200»-ден төмен болмауы керек.

7.2.3 Жасанды құрылыстармен түйіскен жерлерде және конустарды орнату кезінде жер төсемесін салу кезінде топырақты нығайту үшін қажетті цемент мөлшері топырақтың түрін және оның ықтимал тығыздау дәрежесін ескере отырып құрастырылған 7.2-кестеде көрсетілген.

7.2.4 Нығайтылған құмдарды, құмдақтарды және жеңіл саздақтарды қолдану ауыр саздақтар мен ұсақ бір өлшемді құмдарға қарағанда тиімді, себебі ауыр саздақтарды цементпен араластыру технологиясы тәртібінің қиындықтарымен байланысты, ал шағын бір өлшемді құмдар цементтің үлкен шығындарын талап етеді.

7.2-кесте- Топырақты нығайту үшін қажет цемент мөлшері

Топырақ	Цементтің ұсынылатын мөлшері, %, тығыздау коэффициенті $K_{болғанда}$		
	0,95	0,90	0,85
Ұсақ бір өлшемді құмдар	4 - 5	6 - 7	7 - 8
Шанды құмдар мен құмдақтар	3 - 4	5 - 6	6 - 7
Саздақтар	2 - 3	3 - 5	6 - 7

7.3 Тірек қабырғалар материалдарына қойылатын талаптар

7.3.1. Қабылданған құрылымдық шешімге байланысты тірек қабырғалары темірбетоннан, бетоннан, бутобетоннан және тастан жасалуы мүмкін.

7.3.2. Құрылымдық материалды таңдау техника-экономикалық себептерге, беріктік талаптарына, жұмыс жағдайларына, жергілікті құрылыс материалдары мен механикаландыру құралдарының болуына байланысты.

7.3.3. Бетон және темірбетон құрылымдары үшін сығылу беріктігі бойынша В 15 класынан төмен емес бетондарды қолдану ұсынылады.

7.3.4 Алдын ала кернеулі темірбетон құрылымдарын негізінен В20; В25; В30 және В35 класты бетондардан жобалаған жөн.

Бетондыдайындау үшін В5 және В10 класты бетонды қолдану қажет.

7.3.5 Беріктігі мен аязға төзімділігі бойынша бутобетонға қойылатын талаптар бетон және темір бетон құрылымдарына қойылатын талаптар мен бірдей.

7.3.6 Алдын ала кернеусіз орындалатын темір бетон құрылымдарын арматуралау үшін А300 және А400 класты мерзімді пішіндегі өзекті ыстықтай илектелген арматуралық болатты қолдану керек. Монтаждау (үлестіру) арматурасы үшін А-240 класты ыстықтай илектелген арматураны немесе В_p500 класты қарапайым арматуралық тегіс сымды қолдануға жол беріледі.

Қысқы есепті температура минус 30 °С төмен болған кезде ВСт5пс2 маркалы А300 класты арматуралық болатты қолдануға жол берілмейді.

7.3.7 Алдын ала кернеулі темір бетон элементтерінің кернеулі арматурасы ретінде негізінен А600 және А800 класты термикалық нығайтылған арматураны қолдану керек.

Сондай-ақ, 500С, А-500СП класты ыстықтай илектелген арматураны және А600 класты термикалық нығайтылған арматураны қолдануға жол беріледі.

7.3.8 Анкерлік тартқыштармен салмалы элементтер қыстың есептік температурасы минус 30 °С дейін болғанда МЕМСТ 380 бойынша ВСтЗкп2 маркалы С-38/23 класты және 30 °С-тан минус 40 °С-қа дейінгі есептік температурада ВСтЗпс6 маркалы илемді жіңішке болатқа былдануы тиіс, жіңішке болаттың қалыңдығы кемінде 6 мм болуы қажет.

Тіреу қабырғалары үшін А400 класты арматуралық болатты анкер ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.

7.3.9 Құрастырмалы темірбетон және бетон элементтерінде монтаждау (көтеру) ілмектері ВСтЗсп2 және ВСтЗпс2 маркалы А240 класты арматуралық болаттан немесе 10ГТ маркалы А300 класты болаттан жасалуы тиіс.

7.3.10 Табиғи тастан жасалған тіреу қабырғасын қаптау үшін, егер аязға төзімділік талаптары қанағаттандырылса, бірақ ең жақсы тастарды таңдап, оларды бекітіп, тігістерді мұқият кесіп тастаса, кірпішпен бірдей маркалы тастарды қолдануға рұқсат етіледі.

7.3.11 Тірек қабырғаларын қалау тастары мүмкіндігінше дұрыс пішінге ие болуы керек. Жіктер байламасы кемінде 10 см, ал бұрыштық тастар үшін - кемінде 15 см болуы керек.

7.3.12 Тіреу қабырғаларының артына қайта құюды ірі түйіршікті топырақтармен, сондай-ақ құммен: қиыршық тасты, ірі немесе орташа ірі құммен жүргізу ұсынылады.

7.4 Арматопырақты құрылымдар материалдарына қойылатын талаптар

7.4.1 Арматопырақ жүйесін толтыру топырағы МЕМСТ 32730, МЕМСТ 32703, МЕМСТ 25607, ҚР ЕЖ 3.03-112 талаптарына сәйкес мынадай нормативтік сипаттамаларға ие болуы тиіс:


- ішкі үйкеліс бұрышы $\varphi \geq 35^\circ$;
- меншікті ілініс $C \geq 0$;
- сүзу коэффициенті $K_\phi \geq 2,0 \text{ м/тәул.}$;

- әрқелкіліккоэффициенті $d_{10} / d_{60} \geq 2,0$;

-арматопырақ жүйесін қалыптастыру кезінде құмды тығыздау коэффициенті стандартты тығыздау қисығы бойынша ең жоғары тығыздық 0,98-ден кем болмауы тиіс.

7.4.2 Тіреулік-дренаждық призмаларды ҚР ЕЖ 3.03-101 құжатының 8.4.10-т. бойынша сыналқы әдіспен қалыптастыру үшін шағыл тас екі фракциядан тұруы тиіс - ірі 22,4...31,5 мм және ұсақ 5,6...11,2 мм. ҚР СТ 1549 және МЕМСТ 32073 бойынша қатты тау жыныстарынан алынған шағыл тас қолданылуы тиіс.

7.4.3 Арматуралайтын элементтерді таңдау ҚР ЕЖ 5.01-102 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Моталардың арматуралық жүйелерін жобалау кезінде, әдетте, 12-суретте көрсетілген келесі құрылымдық элементтерді қолдану қажет:



а - сырықтар; б – арматуралық қаңқалар; в - геотарбақтар; г - геотөқыма

12-сурет–Арматуралаушы элементтердің түрлері

а) ҚР ЕЖ 2.01-101 талаптарына сәйкес тот баспайтын болаттан жасалған немесе тоттан қорғалған өзектер немесе жолақтар;


б) МЕМСТ 5781 бойынша арматуралық болаттан дәнекерленген арматуралық қаңқалар. Арматуралық қаңқаларда көлденең сырықтар дәнекерленген екі бойлық сырық болуы қажет. Көлденең сырықтарды бойлық тігістермен дәнекерлеу керек. Түйісу аймағын арттыру үшін дайын қаңқаны ыстық мырыштауға, битуммен майлауға және битум мастикасындағыгеосинтетикалықматамен орау қажет (13-сурет). Барлық қосылыстар тең беріктік шартына сәйкес келуі керек;

в) ҚР Ұ 218-42 бойынша синтетикалық материалдардан: полиэстер, поливинилалкоголь, полипропилен, полиэтилен, композитті материалдар жасалған геотарбақтар;

г) ҚР Ұ 218-42 бойынша түрлі синтетикалық материалдардан жасалған геоматалар.

7.4.4 Арматопырақ жүйесінен суды бұру үшін $K_{\phi} \geq 2,0$ м/тәул. сүзу коэффициенті бар құм немесе құмды-қиыршықтас қоспасы (ҚҚҚ) пайдаланылады.

7.4.5 Ұзақ пайдаланылатын арматопырақтар құрылымдарын салу кезінде когезиялықтолтыруды пайдалану ұсынылмайды.



- 1 – бойлық сырықтар (диаметрі есеп бойынша); 2 – көлденең сырықтар, диаметр = 12 мм;
 3 – беттік қабырғаға бекітуге арналған шығыршықтар (мырышталған); 4 - болтқа арналған тесік

13-сурет- Арматуралыққаңқатүріндегіарматуралық элемент

Ескерту - Дәнекерлеуден кейінгі барлық бөлшектер мырышталған ($\Delta=50$ мкм), битуммен қапталған және битум мастикасына геосинтетикалық матамен желімделген.

7.4.6 Арматопырақты құрылыстың топырағын таңдау кезінде төменде көрсетілген талаптарды ескеру қажет (7.3-кестені қараңыз):

7.3-кесте - Тірек қабырғалар мен үйінділерге арналған төгінділерді жіктеу

Топырақтың типі		Құрылымның санаты		
		1	2	3
Фрикционды төгінді		+	+	+
Когезиялық-фрикционды төгінді		+	+	+
Әктас	$S_r < 29\%$	+	+	+
	$S_r > 29\%$	-	-	+
Сазды топырақ (жергілікті топырақ)		-	-	+

7.5 Топырақты анкерлер материалдарына қойылатын талаптар

7.5.1 Геоанкерлердің арматуралаушы элементтері ретінде өзекті арматураны, дәнекерленген көлемді арматуралық қаңқаларды, болат илемді пішіндерді (МЕМСТ 8239, МЕМСТ 26020, МЕМСТ 8240, құбырлар (МЕМСТ 8734, МЕМСТ 10704) және арнайы бұрғылау құбырлы бұрандалы қарнақтарды қолдануға рұқсат етіледі.

7.5.2 ҚР ЕЖ 5.01-103 құжатының 5.25...5.28-тт. сәйкес көлемді қаңқалардың бойлық арматуралық сырықтары тек қамыттармен ғана емес, сонымен қатар қаңқаның ұзындығы бойынша дәнекерлеуде оның бес диаметрінен кем емес қашықтықта (бірақ 2 м-ден артық емес) орнатылған құбырлы шығыршықтармен де жалғануы тиіс. Топырақ пен қаңқаның арматуралық сығырларының арасындағы бетонның қорғаныш қабатын қамтамасыз ету мақсатында соңғысы бекіткіштермен, сондай-ақ шегендеу құбырларын алу кезінде оны көтеру мүмкіндігін болдырмау үшін қаңқаның төменгі ұшына орнатылған айқастырма тәрізді анкерлермен жарақталуы тиіс.

7.5.3 Ұңғымадағы қаңқаның орталықтандыруды қамтамасыз ететін қорғаныс қабатының бекіткіштерімен, сондай-ақ пішінді элементтер мен құбырларды нығайтатын бір арматуралық сырықтар жабдықталуы тиіс.

7.5.4 Жұмыс арматурасы үшін бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы оның диаметрінен кем емес, бірақ кемінде 30 мм, көлденең және құрылымдық арматура үшін - 20 мм-ден кем болмауы тиіс. Агрессивті ортада жұмыс істейтін тұрақты құрылымдар үшін МЕМСТ 31384 бойынша бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығы және қаңқаның диаметрі ҚР ЕЖ 2.01-101 талаптарын ескере отырып тағайындалуы қажет.

7.5.5 Бойлық арматура қаңқаның периметрі бойынша біркелкі орналасуы тиіс. Бойлық арматураның қима ауданының кіші қада қима ауданына қатынасымен анықталатын арматуралау коэффициенті 0,5% кем болмауы тиіс. Бойлық арматураның сығырлары арасындағы бос жер ең аз қашықтық сығырдың ең үлкен диаметрінен кем емес, бірақ кемінде 30 мм болуы тиіс.

Ескертпе- Мерзімді пішіндегі сығырлар арасындағы бос жер қашықтық шығыңқы жерлер мен қабырғаларды есепке алмай номиналды диаметр бойынша анықталады.

7.5.6 Анкердің ұзындығы 12 м-ден асатын болса, арматуралық қаңқа, әдетте, алдын-ала жапсырылатын бөлек блоктардан немесе ұңғымаға түсіру кезінен тұруы керек. Блоктарды жалғау МЕМСТ 14098 бойынша бойлық арматураның шығарылымдарын дәнекерлеу арқылы немесе түйісулер мен арматураның тең беріктігін, сондай-ақ ұңғыманы баспақтау мүмкіндігін

камтамасыз ете отырып, жалғастырушы муфталардың көмегімен жүргізілуі тиіс.

5.5.7 Блоктардың ұзындығын жобада құрылыстың нақты жағдайларын ескере отырып (рұқсат етілетін габариттер, бұрғылау және жүк көтергіш жабдықтардың сипаттамалары), ең жоғары есептік күш салу аймақтарында жіктерді орналастыруды болдырмай белгілеу керек. Арматуралық қаңқалар мен олардың құраушы блоктарының үлгі өлшемдерінің саны барынша аз болуы тиіс.

7.5.8 Қаңқалар тасымалдау және тік қалыпқа көтеру кезінде мүмкін болатын деформацияларды болдырмайтын жеткілікті қаттылыққа ие болуы тиіс. Қаңқаның қаттылығы оның құрамына диагональды көлденең байланыстырғышты немесе иелімді пішінді енгізу арқылы қол жеткізіледі.

7.5.9 Топырақты анкерлерді орнату үшін айқын аққыштық алаңы бар және жеткілікті тоттануға төзімділігі бар болат маркаларын қолдану ұсынылады.

7.5.10 Орнату кезінде ұңғыманы бұрғылауға арналған бұрғылау құралы ретінде пайдаланылатын геоанкердің арматуралаушы элементтері минус 20 °С температурада кемінде 40 Дж және минус 50 °С температурада кемінде 27 Дж соққы төзімділігі бар жоғары иілімді болаттан жасалуы тиіс.

7.5.11 Қаңқа элементтері ретінде, әдетте, келесілер қолданылуы керек:

- МЕМСТ 5781 бойынша А–III (А400) және А–IV (А600) класты ыстықтай илектелген арматура, МЕМСТ 10884 бойынша Ат400С, Ат500С, Ат–IV (Ат600) және жұмыс бойлық өзекті арматура үшін диаметрі 12÷32 мм, А400С, А500С және А600С класты термикалық нығайтылған өзекті дәнекерленетін арматура қолданылады;

- МЕМСТ 5781 бойынша А–II (А300) және А–I (А240) класты ыстықтай илектелген диаметрі 6 мм-ден 10 мм-ге дейінгі көлденең құрылымдарға арналған және диаметрі 12мм-ден 22 мм-ге дейін монтаждық арматураға арналған;

- МЕМСТ 6727 бойынша спиральды орамды 5 Вр1 типті арматуралық сым;

- МЕМСТ 8239 және МЕМСТ 26020 бойынша ыстықтай илектелген коставрлар;

- МЕМСТ 8240 бойынша құрастырмалы арқанды-арматуралы қаңқалары бар ыстықтай илектелген болат швеллерлер;

- МЕМСТ 10704, МЕМСТ 8731, МЕМСТ 8734 бойынша қаттылық элементтері мен ендірілген бөлшектерге арналған болат құбырлардың

элементтері және МЕМСТ 380 бойынша СтЗ маркалы көмір текті болаттан жасалған ыстықтай илектелген табақты және фасондыилем элементтері.

- МЕМСТ 3282 бойынша көлденең арматураны және спиральды орамды бекітуге арналған диаметрі 1,2...2,0 мм төмен көмір текті болаттан жасалған сым.

7.5.12 Көлденең арматуралауды арматуралық камыттардың қаңқасының сыртқы диаметрі бойынша дөңгелек немесе жұмыс арматурасының 10 диаметрінен аспайтын, бірақ кемінде 300 мм кадаммен арматуралық сымның спиральды орамасы түрінде орындау қажет.

7.5.13 Геоанкерлерді орнатуға арналған материалдар мынадай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс:

- ерітіндіге арналған цемент кішік адабатырылатын жыныстардың түрі мен сызаттылығына (кеуектілігіне), оның агрессивті ортадағы тұрақтылығына, сондай-ақ орнату және қату мерзіміне байланысты таңдауы керек;

- агрессивті емес жер астысуларында М400-ден төмен емес маркалы портландцементтерді қолдан ұсынылады;

- жер асты суларының сульфаттық агрессиясы кезінде сульфатқа төзімді және пуццоланды портландцементін қолдану ұсынылады;

- инъекциялық ерітіндіге оның қасиеттерін төмендетпейтін пластификациялаушы қоспаларды қосу ұсынылады.

7.5.14 Инъекциялық ерітінділерді дайындау бойынша ұсынымдарда кем дегенде келесі талаптар болуы тиіс:

- ерітіндінің консистенциясы бойынша;

- аязғатөзімділікклассыбойынша;

- арматуранытоттанқорғаубойынша;

- шөгүшамасыбойынша;

- сығымдау кезіндегі ерітіндінің беріктігі бойынша жеті тәуліктік жаста кемінде 200 кгс/см², ал 28 тәулікте-кемінде 300 кгс/см².

Құмның шектіірілігін,оның сапасы мен түйіршіктік құрамынұңғыманың диаметріне байланысты белгілеуге болады.

7.5.15 Инъекциялық қоспалардың қасиеттері МЕМСТ 10178 талаптарына сәйкес болуы тиіс. Енгізілетін ауа шығаратын және пластификациялаушы қоспалар мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- ең аз ықтимал суцемент қатынасы;

- пайдаланылған сорғылардың көмегі мен жақсы сорылу;

- цемент тасының топырақта қатайғаннан кейін металл мен қажетті беріктігі мен сенімді байланысы.

7.5.16 Қоспаларды араластыруға арналған су МЕМСТ 23732 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

8 Құрылымдық шешімдерге қойылатын жалпы талаптар

8.1 Жалпы ережелер

8.1.1 Жасанды құрылысты үйіндімен ұштастырудың негізгі талаптары жолды пайдаланудың барлық кезеңінде автомобильдің кіруі мен кіруінің тегістігін қамтамасыз ету болып табылады [10].

8.1.2 Түйісу бойынша өту жатықтығының біркелкілігі автомобиль тегіссіздіктер бойынша автомобиль сезінетін рұқсат етілетін тік үдеулермен анықталады. Бұл үдеулердің мөлшері адам физиологиясымен және тасымалданатын жүктердің сақталуымен байланысты.

8.1.3 Жүк автомобилі үшін барынша рұқсат етілген үдеу 0,6 g аспауы тиіс (мұндағы $g - 9,81 \text{ м/с}^2$ тең ауырлық күшінің үдеуі).

8.1.4 Жамылғының жол берілетін кедір-бұдырлығын автомобильдің айқындаушы түрімен белгілеу кезінде тік үдеуі 0,3 g аспағанда жеңіл болып қабылданады.

8.1.5 Жол төсемесі ескерілген жер төсемесінің биіктігіне тең телім, плюс 10 м, жер төсемесінің жасанды құрылысқа кіреберісі болып саналады. Бұл телімнің ұзындығын технологиялық талаптарға сүйене отырып тағайындауға болады.

8.1.6 Көтергіштігі әлсіз топырақтарда орналасқан жер төсемесінің кіреберіс телімдері екі нұсқада жобалануы мүмкін – шөгу және шөгусіз. Шөгу нұсқаны қолданған жағдайда үйіндінің негізі ұялы геоматраспен күшейтіледі. Шөгусіз нұсқада үйінді қадалы негізге салынады.

8.1.7 Күрделі жамылғыларды есептік шөгудің кемінде 90% аяқталғаннан кейін немесе жабу құрылғысының алдындағы айда шөгудің орташа қарқындылығы жылына 2 см-ден аспаған жағдайда орнатуға болады. Жеңілдетілген жамылғыларды салу үшін түпкілікті шөгудің кемінде 80% немесе жылына 5 см-ден аспайтын шөгу қарқындылығына қол жеткізу талап етіледі.

8.1.8 Егер үйінді негізін шоғырландыру мерзімі жобалық шешімдермен және құрылысты пайдалану шарттарымен рұқсат етілген мерзімдерден асып

кетсе, шоғырландыру жылдамдығын арттыратын қосымша құрылымдық шаралар қолданылуы мүмкін:

- үйіндінің екі жағы бойынша терең дренажды саңылауларды орнату;
- тік кәріз құрылғысы;
- айнымалы қосымша жүктеме пригрузәдісі.

8.1.9 Қосымша іс-шаралар үйінді негізінің орнықтылығын және құрылыстың берілген мерзімінде оның шөгуін жеделдетуді қамтамасыз етпеген жағдайларда, төсемені орнатудың кезеңдік әдісіне жол беріледі (қажет болған жағдайда- жамылғының соңғы құрылысына дейін уақытша пайдалануды ашу).

8.1.10 Қадалы негіздер ҚР ЕЖ 5.01-103 сәйкес есептеледі. Қадалар ретінде келесілер пайдаланылуы мүмкін: қағылмалы призмалық, қабықша-қадалар, бұрғықұйылмалы, сондай-ақ тиісті техникалық-экономикалық негіздемесі бар қадалардың кез келген басқа да түрлері мен типтері.

8.1.11 Қадалардың көтергіш қабілетін, олардың жалпы саны мен орналастыру сұлбасын есептеу нақты инженерлік-геологиялық жағдайларға, жасанды құрылыспен түйісетін жердегі жер төсемесінің биіктігіне, сондай-ақ қадалардың таңдалған түріне байланысты жүргізіледі.

8.1.12 Қада алаңының ені жүру бөлігінің еніне, жол жайластыруларына, үйінді биіктігіне қойылатын талаптарға және жер төсемесінің еңіс бөліктерінің олар болған жағдайда жергілікті орнықтылығын қамтамасыз етуге сүйене отырып айқындалады.

8.1.13 Қадалар монолитті темірбетон немесе иілгіш ростверкпен бірлесіп жұмыс істеу үшін біріктіріледі. Ростверктің қалыңдығы және геосинтетикалық материалдармен арматуралаусұлбасы қолданыстағы жүктемелерге байланысты есептеледі.

8.1.14 Кіреберіс телімнің жер төсемесі шөгінді негіздегі жер төсемесімен түйіскен кезде қадалы-ростверктік негізге кіре отырып, жобалық белгілерге дейін үйіндінің алдын ала төгілуін қамтамасыз ету қажет.

8.1.15 Автомобиль жолдарының жер төсемесінің жасанды құрылыстармен түйісу телімдерін жобалау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- негізде әлсіз топырақты пайдалану кезінде үйіндінің соңғы шөгуінің шамасы анықталады;
- негіздің тұрақтылығы тексеріледі;
- шөгудің аяқталу ұзақтығын болжайды;
- қажет болған жағдайда орнықтылықты арттыруды, шөгуді жеделдетуді немесе оның шамасын төмендетуді қамтамасыз ететін құрылымдық-технологиялық шешімдердің нұсқаларын белгілейді;
- осы нұсқалар бойынша есептеу жүргізіледі және ең тиімдісі таңдалады;

- ең ұтымды технологиялар, механикаландыру және жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстар береді;

- құрылыс үдерісінде бақылауларды орындайды және (қажет болған жағдайда) жер жұмыстарының көлемін, үйінді тұрғызу режимін, жол төсемесін орнату мерзімдерін және т.б. нақтылау мақсатында нақты деректер бойынша есептерге түзетулер енгізеді.

8.2 Себілген тіректері бар қолданыстағы түйіндесулердің құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар

8.2.1 Түйісу құрылымына конус тірегін аумақтаумен аяқталатын көпірдің жағалау тірегінің артындағы жер төсемесінің бөлігі кіреді (құрғатқыш топырақтан құйылған). Бұл жерде жол жамылғысы өтпелі тақталардан жасалады.

8.2.2 Көпірге кіреберістерде орналасқан жамылғының түріне байланысты өтпелі тақталардың үш түрі қолданылады: цементбетон жамылғысында - беткі тақталар, асфальтбетон жамылғыларында - жартылай көмілген және көмілген.

Өтпелі тақталар, жатақтар, қиыршық тас-шағылтасты төсемдер, тақталарды тұтастыратын түйістер, шкаф қабырғасындағы олардың сүйену элементтері «Союздорпроект» МБИ әзірлеген «Автожол көпірлері мен өткелдердің үйінділермен түйісуі» үлгілік жобасына сәйкес жобаланады.

8.2.3 Жартылай көмілген тақталар қатты және жартылай қатты негіздерде орналасқан асфальтбетон жамылғылары үшін қолданылады. Қатты түріне темірбетон құрылымдарының негізі (жатық), жартылай қаттыға - цементпен, түйіршіктелген домна қожымен, ұнтақталған қожбен, ұшпа-күлдермен және т. б. нығайтылған тас материалдардан жасалған негіз жатады.

8.2.4 Көмілген тақталар беріктігі әртүрлі тас материалдардан жасалған қатты емес негіздерде, сондай-ақ қондырғыда немесе жұмыс өндірісі орнында органикалық тұтқырлармен өңделген қождышағыл тастардан жасалатын асфальтбетон жамылғыларында төселеді.

8.2.5 Жамылғы бетінен өтпелі тақтаның жоғарғы жағына дейінгі ара қашықтық оны шкаф қабырғасына (а) тіреген кезде және тақтаның (б) соңында 8.1-кесте бойынша қабылданады.

8.1-кесте - Жамылғы бетінен ауыспалы тақтаның бетіне дейінгі қашықтық

Өтпелі тақталардың типтері	Өлшемдері, см	
	а	б
Жартылай көмілген	12	45
Көмілген	30	70

Деформациялық жіктің бұзылуын болдырмау үшін негіз жағынан өтпелі тақта шкаф қабырғасына емес, оның жоғарғы жағына сүйенуі тиіс.

8.2.6 Өтпелі тақталардың ұзындығы дененің және үйме негізінің күтілетін шөгуіне байланысты тағайындалады. Үйінді түбіндегі топырақтың физика-механикалық сипаттамалары туралы мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, өтпелі тақталардың ұзындығы шамамен 8.2-кесте бойынша қабылданады.

8.2.7 Көпірдің үйіндімен түйісуін жобалау кезінде өтпелі тақтаның астындағы қиыршық тасты жастық бүкіл ені бойынша қату тереңдігінен төмен үйіндіге тірелуі қажет.

8.2-кесте – Үйіндінің биіктігіне және жол санаттарына байланысты өтпелі тақталардың ұзындығы

Үйіндінің биіктігі, м	Өтпелі тақталардың ұзындығы, м, келесі жол санаттары үшін үйіндінің топырақ негіздерінде					
	СЫҒЫЛҒЫШТЫҒЫ ТӨМЕН			СЫҒЫЛҒЫШТЫҒЫ ЖОҒАРЫ		
	I - II	III	IV - V	I - II	III	IV - V
2 - 4	4	4	4	6	4	4
4 - 5	6	4	4	6	6	4
5 - 6	6	6	4	8	8	6
6 - 7	6	6	6	8	8	6
7 - 8	8	6	6	8	8	8
8-ден көп	8	8	6 - 8	8	8	8

Ескертпелер:


1. Өтпелі тақталардың ұзындығы үйінді төгілгеннен кейінгі екінші жылдағы шөгінділер мөлшерінде есептеледі. Үйінді денесінің шөгуі 0,15; 0,20 және 0,28 % Н нас деп қабылданады (Н нас = 4; 6; 8 м), үйінді негізі - 0,6 % Н нас (сығылғыштығы төмен топырақтар) және 1,0 % Н нас (сығылғыштығы жоғары топырақтар). Пішіннің сынуының рұқсат етілген бұрыштары 1.2-т. сәйкес келеді.

2. Сығылғыштығы төмен топырақтарға жартасты, ірі сынықты және құмды топырақтар, қатты және жартылай қатты құмдақтар, саздақтар мен консистенциясы 0,25-тен кем балшықтар; сығымдалу коэффициенті 0,25-тен асатын құмдақтар, саздақтар мен саздар жатады.

8.2.8 Өтпелі тақталардың ұзындығын өтпелі тақтаның ұшын үйінді денесінің және оның төгілгеннен кейін бір жыл өткеннен кейін қалған негізінің жиынтық тұнбасының шамасына түсірген кезде пішіннің рұқсат етілген сыну бұрыштарына байланысты тағайындау керек (14-сурет).

8.2.9 Үйіндімен түйісу торабын жобалау кезінде кейбір жағдайларда диван типіндегі тіректер арқылы үйіндіге тірей отырып, ұзындығы 10...15 м өтпелі тақталарды қолдану тиімді болуы мүмкін. Мұндай өтпелі тақталарды пайдалану тек көлік айырықтарының өткелдерінде және негіздің аз сығылатын топырақтарында ұсынылады.

8.2.10 Әлсіз сазды топырақтар кезінде үйіндінің негізінде жүру бөлігінің көпіріне кіреберістерде үшбұрыш бойынша құрылыс дөңі беріледі. Құрылыс дөңінің максималды ординаты жатынға сүйенетін өтпелі тақтаның ұшынан жоғары орналасады және үйіндінің биіктігінің шамамен 0,7 % тең қабылданады.



1-жаттық; 2-шағыл тасты жастық; 3-өтпелі тақта; 4-тіреу; 5-аралық құрылым

14-сурет - Түйісу аймағындағы бойлық пішіннің сыну бұрыштарының көрнекі сұлбасы

Құрылыс дөңі көпірге қарай арттыру үйіндінің екі биіктігіне тең ұзындықта жүзеге асырылады.

Беткі тақталарды орнату кезінде құрылыс дөңі жатықтың орналасуына қарай, ал жартылай көмілген және көмілген тақталар жамылғы негізінің әртүрлі қалыңдығына байланысты қол жеткізіледі. Құрылыс дөңі цементбетон немесе асфальтбетон жамылғысымен, бетон негізімен ұйымдастырған дұрыс.

8.2.11 Үйінді тірегіне жанасатын үйіндінің беті өтпелі тақта астындағы шағыл тас жатыны табанының деңгейіне дейін нығыздалғаннан кейін тәулігіне кемінде 2-3 м-ге тең 0,98...1,0 шамасына дейін сүзу коэффициентімен құрғататын топырақтан себу қажет.

Құрғататын көмбенің негізіне аралық жағына қарай бойлық еңіс (0,05) және екі көлбеу көлденең еңіс (0,05) жасалады.

8.2.12 Өтпелі тақталар құрастырмалы немесе құрастырмалы-монолитті (беттік тақталар - тек құрастырмалы-монолитті) қолданылады; жамылғының су өткізбеушілігін жақсарту және блоктардың массасын азайту үшін құрастырмалы - монолитті тақталарды қолданған дұрыс.


Сыртқы ұшымен өтпелі тақталар жатынға сүйенеді - қалыңдығы кемінде 0,4 м мұқият тығыздалған шағыл тас пен қиыршық тас жатын салынған жиналмалы тақталардағы міндетті құрылымдық элемент. Құрама

тақталар бір-бірімен кілтек жіктермен біріктіріліп, сым спиралын орнатып, бетонмен толтырылады. Тақталар арасында жіктердің беті битум мастикасымен толтырылады.

8.2.13 Жермен жанасатын өтпелі тақталар мен жатындардың беттері сылау гидрооқшаулағышпен жабылуы тиіс.

8.2.14 Үйіндінің бір бөлігі тұнбалар мен конустардан құрғатылған топырақтан құйылады, оның үйінді денесінің топырағымен түйісуі 1:1,25 - тен тік болмауы керек, жаппай типтегі тіректерде (массивті негіздер, қоршау қабырғасы бар негіздер және т.б.) - 2,0 м, ал аралық типтегі тіректерде - 1,5 м.

8.2.15 Көпірдің үйіндімен түйісуі өтпелі тақтаның астындағы қиыршық тасты-құмды төсеніштің бүкіл ені дренажды топыраққа тірелетіндей етіп жасалуы керек (15, а сурет) немесе тоңу тереңдігінен төмен үйіндіде (15 б, в сурет).




1 – құрғатқыш топырақ; 2 – үйінді топырағы; $h_{\text{пром}}$ – топырақтың тоңу тереңдігі

15-сурет - Көпірді үйіндімен түйіндісіру түйінінің жалпы жинақтау сұлбасы

8.2.16 Қыркүйек пен қазан айларындағы орташа көпжылдық шөгу мөлшері (бақылау кезеңі кемінде 20 жыл) 50 мм-ден аспайтын ылғал

жеткіліксіз аудандарда, сондай-ақ құмды үйінділер үшін жатын астындағы төсеме тоңу тереңдігінен жоғары болуы мүмкін (15, г суреті)

Бұл аудандарда биіктігі 3...4 м асатын алдын ала тығыздалған үймелер үшін құрғататын төгінді көлемін азайтуға жол беріледі (16-сурет). Бұл ретте, құрғататын көмбенің қалыңдығы жамылғының жоғарғы жағынан $H^I = 2/3 H_{нас}$, мұнда $H_{нас}$ III жол-климаттық аймақ үшін 4 м-ге дейін және IV-V аймақ үшін 3 м дейін қабылданады. Жағалау тіректерін үйінді топырағының көлденең қысымына есептеу кезінде құрғататын төгінді көлемінің төмендеуін ескеру қажет.



1 – өпелі тақта; 2 – құрғатұшы топырақ; 3 – үйінді топырағы

16-сурет - Ылғалдылығы жеткіліксіз аудандардағы көпірлерде құрғату төгіндісін салу сұлбасы

8.2.17 Тіректер мен конустардың артына дренажды құю құрылғысы үшін тоңу кезінде көлемі ұлғаймайтын топырақтар мен материалдар қолданылады: ірі және орташа құм, ұсақ шаңсыз құм (бөлшектері 0,1 мм-ден аз, 25% - дан көп емес), металлургиялық қож.


8.2.18 Өтпелі тақталардың плюс 4 м ұзындығы бойынша жол жамылғысы мен жер төсемесінің жиектері су өткізбейтін болуы тиіс, бұл келесілерді қамтамасыз етеді:

а) асфальтбетонжамылғысы үшін - жалпы қалыңдығы 7 см асфальтбетонның екі қабатын төсеу арқылы;

б) цементбетон жамылғысы үшін - ҚР СТ 973 сәйкес тығыздығы жоғары бетоннан жасалған тақтаның жоғарғы (монолитті) бөлігін тығыздаушы қоспалармен дайындау;

в) жол жиектеріне - асфальтбетон немесе тұтқырмен өңделген топырақ төсеу арқылы. Ылғал жеткіліксіз аудандарда (8.2.16-т.) жол жиектері нығайтылмайды.

8.2.19 Көпір ойыс қисықта орналасқан кезде немесе жол төсемесінің көпірге қарай еңісі кезінде төсемеден жер үсті сулары бойлық науалармен жанасу шегінен тыс шығарылуы және үйіндінің еңісінде орналасатын көлденең науалармен апарылуы тиіс (17-сурет). Ол үшін плюс 10 м өтпелі тақталардың ұзындығындағы көпірге жақын үйінді әр жағынан 0,75 м кеңейтіледі.



1 – конусты торлы нығайту; 2 – нығайтылған жиек; 3 – суббұрғыш және сужинағыш науалар; 4 – баспалдақты түсу; 5 – дөңгелек тоқтатқыш қоршау; 6 – бетонды жиектас; 7 – өтпелі тақталар

17-сурет - Түйісу түйініндегі су бұрғышты салу мысалы (жоспар)

8.2.20 Көпір немесе жол өтпесі дөңес пішінде орналасқан кезде, жер үсті суын бойлық науалармен түйісулер шегінен шығарып, көлденең науалармен жағалаудың бойымен бұрау қажет.

Барлық жағдайларда көлденең науалардың саны есептеумен және жергілікті жағдайларға сүйене отырып айқындалады.

8.2.21 Шөкпейтін конустар мен беткейлерді, сондай-ақ су басатын (жеңілдетілген гидравликалық режим жағдайында) қатты құрылымдардан басқа, ұяшықтарды әртүрлі материалдармен толтыра отырып, құрама элементтерден жасалған торлармен нығайтуға болады.

Қалалық өткелдерде және көпірлердің шөкпейтін конустарында торлы құрылымдардың ұяшықтарды толтыру үшін арнайы таңдалған шөптерді себумен бірге түрлі түсті шағыл тастарды қолдану ұсынылады.

8.3 Цементтопырақ үйіндісімен көпір түйісуінің құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар

8.3.1 Көпірлер және конустармен түйіскен жерлерде жер төсемесін цементтопырақпен салған кезде ағынның ағу жылдамдығы 1...3 м/сек дейін болғанда және мұздың қарқынды үйіндісі болмаған кезде үйіндінің еңістері мен конустарын шайылудан нығайтудың ұсынылатын құрамын орнату кезінде, әдетте, талап етілмейді.

8.3.2 Жер төсемесінен суды бұру үйіндінің түбінде көлденең тасты құрғатуды құрылысы қамтамасыз етіледі (2-суретті қараңыз).

8.3.3 Биік үйінділерде (3 м-ден астам) өтпелі тақталарды орналастыру міндетті. Тақталардың өлшемдерін 8.2-кестеге сәйкес тағайындау қажет.

8.3.4 Ұсынылған құрамдағы цементтопырақтардан жасалған жасанды құрылыстармен түйіскен жер төсемесі жол төсемесінің төменгі жағына дейін себіледі.

8.3.5 Цемент топырақты жер төсемесіне өтпелі тақталарды төсеу жағдайында жатық пен шағыл тасты төсем орнатылмайды. Тек өтпелі тақталардың беткі типі қолданылады.

8.3.6 Өтпелі тақталар цементтопырақ төсеміне төселген жағдайда, төсем мен қиыршық тас төсемі қанағаттандырылмайды. Тек өтпелі плиталардың беткі түрі қолданылады.

8.3.7 Цементтопырақтан салынған көпір құрылыстарына жақын телімдерде битумминералды қоспалардан немесе асфальтбетоннан жасалған өтпелі тақталар мен жол жамылғыларын жер төсемесі салынғаннан кейін бір ай өткен соң төсеуге болады. Цементбетон жамылғысын кем дегенде бір жылдан кейін төсеу ұсынылады.

8.4 Темірбетонды тірек қабырғаларынан жасалған үймемен көпірдің түйісуінің құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар

8.4.1 Темірбетоннан жасалған тіреу қабырғалары бұрыштық типте ұсынылады (бүйіртірексіз, ал биіктігі 3...4 м жоғары болғанда бүйіртірекпен); тиісті негіздеме кезінде басқа да темірбетон тіреу қабырғалары қолданылуы мүмкін. Тіреу қабырғаларының құрылымдары монолитті, жиналмалы-монолитті болуы мүмкін.

8.4.2 Тірек қабырғасының және оның жекелеген элементтерінің қалыңдығы кемінде төмендегідей болуы тиіс:

- тас және бутобетонды қалауы үшін..... 0,6 м;
- бетон қалауы үшін 0,4 м;
- темірбетон үшін 0,1 м.

8.4.3 Тіреу қабырғаларын ұзындығы 6-дан 20 м-ге дейінгі бөліктерге тік жіктермен (қабырғаның бүкіл биіктігіне, іргетасын қоса) бөлу керек.

Жіктер әр бөліктің табаны біртекті топыраққа тірелетіндей етіп орналастырылуы керек.

8.4.4 Автомобиль жолдарындағы қабырғаларды автокөлік доңғалақтарының әрбір қатарынан (кұлау призмасында) қысымды тұтас жолаққа бөлінген жүктемеге келтірудің арнайы негіздемесі жағдайында ұзындығы 6 м кем секцияларға бөлуге жол беріледі.

8.5 Көпір құрылыстарының арматопырақты құрылымдарының құрылымдарына қойылатын талаптар

8.5.1 Көпірлердің арматопырақ жүйелері келесі түрлерге бөлінеді:

- конустарды арматуралау жүйелері;
- арматопырақ негіздегі диван типіндегі тіреулер;
- бөлекфункциялары бар тіректер;
- көпфункционалдыарматопырақтыжүйелер;
- жөндеужәнеқайтасалужүйелері.

Конустарды арматуралау жүйелерін (Б.1 -сурет) конустың ішіндегі негіздің көтергіш элементтерінен үйінді топырағының қысымын азайту немесе толығымен алып тастау, сондай-ақ конустың тұрақтылығын арттыру және оның тік беткейлерін орнату үшін көпірлер мен жол өтпелерінің себілетін негіздерінің типтік құрылымдарында қолдану қажет.

8.5.2 Арматопырақжүйесінің негіз топырақтарының жобалық беріктік көрсеткіштері МЕМСТ 32960 талаптарына сәйкес арматопырақ жүйесінің негізіне берілетін жүктемелерді қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

8.5.3 Негіз топырақтарының беріктігі жеткіліксіз болған кезде ҚР ЕЖ 5.01-101, ҚР ЕЖ 5.01-102 сәйкес оны күшейту бойынша құрылымдық-технологиялық іс-шаралар (топырақты ауыстыру, цементтеу, қада алаңы мен иілгіш ростверк құрылысы және т.б.) қажет.

8.5.4 Бөлек функциялары бар тіректі қолданған кезде көпірді немесе өтпезолдарды әлеуетті көшкін беткейлерінен тыс ұзарту талап етілмейді.

8.5.5 Арматопырақ жүйелері көпірлер мен өтпезолдард жөндеу және қайта салу кезінде негіз құрылымына үйменің немесе сырғыма көріністерінің әсерін жоюы және шкаф қабырғасы мен аралық құрылыстың шетінің арасындағы саңылауды қамтамасыз етуі тиіс.

8.5.6 Көпірлердің арматопырақ жүйелерін салу үшін геосинтетикалық қабықтарда бұрғылау қадаларын орнатуға жол беріледі. Бұрғылау қадаларын ҚР ЕЖ 5.01-103 талаптарына сәйкес жобалау қажет.

8.5.7 Беттік қабырғалардың іргетастары ҚР ЕЖ 5.01-102, ҚР ЕЖ 5.01-103 талаптарына сәйкес болуы тиіс;


- б) іргетастың бойында біртекті емес инженерлік-геологиялық

жағдайларда іргетас пен алдыңғы қабырға деформациялық-шөгінді жіктермен бөлінуі тиіс;

в) негіздің жоғарғы қабаттарының беріктік сипаттамалары жеткіліксіз болған кезде немесе әлсіз топырақ қабаттары бар қабатты негіздер болған кезде (аққышпластикалық саздақтар, сұйық құмдақтар, тиксотропты топырақтар және т.б.) қада іргетасын орнату керек;

г) топырақпен жанасатын темірбетон іргетастардың барлық беттерінде гидрооқшаулағыш орнатылуы тиіс.

8.5.8 Ұсақ іргетастарды құрама немесе монолитті темірбетон құрылымдарынан жасау қажет (18-сурет).



а - тіреуіші бар таспалы; б - ойығы бар таспалы; в - тақтатүріндегі іргетас; 1 - таспалы темірбетонды іргетас; 2 – темірбетон тіреуіші; 3 - беттік қабырға; 4 - іргетастағы қуыс; 5 - ойығы бар таспалы темірбетон іргетасы; 6 - темірбетон тақтасы; 7 - бет қабырғасының блогы

18-сурет – Шағын қаланатын іргетастар

Монолитті темірбетон іргетастарында оның табанының астына цемент ерітіндісі құйылған қиыршық тас төсемесін төсеу керек. Төсеме фракциялық шағыл тастан жасалған және сыналау әдісімен жасалуы тиіс.

Беттік қабырғаның темірбетон элементтерін МЕМСТ 28013 бойынша М 200 маркасынан төмен емес цемент ерітіндісіндегі іргетасқа орнату қажет.

8.5.9 Терең орналасқан іргетастарды қадалы элементтер, ростверктер және тірктер құрамында жобалау қажет.


8.5.10 Терең орналасқан іргетасты есептеу кезінде іргетастың топырағының іргетасқа келетін үйіндінің салмағынан қосымша көлденең қысымын ескеру қажет.

8.5.11 Беттік қабырғалардың қадалы іргетастары қадалардың екі қатарынан жобалануы керек. Бір қатардағы қадалар кіреберіс үймесінің салмағынан туындаған негіз топырағының көлденең қысымын қабылдау үшін көлбеу болуы керек. Екінші қатардағы қадалар беттік қабырғаның өз салмағынан жүктемені қабылдау үшін тік болуы керек.

8.5.12 Көпір құрылыстарының арматопырақты жүйелерінің бет қабырғалары толық су және топырақ өткізбеуді қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін жекелеген ірі немесе ұсақ блоктардан жиналатын бет қабырғаларының жіктері ҚР ЕЖ 2.04-108 талаптарына сәйкес гидрооқшаулағыш материалмен желімделуі тиіс. Құрғақ қалауды буындарды гидрооқшаулаусыз қолдануға жол берілмейді.

Арматуралық көпір жүйелерінің алдыңғы қабырғалары тек тік болуы керек. Алдыңғы қабырға мен арматопырақ жүйесі арасында геосинтетиканың деформациялану мүмкіндігі үшін кемінде 20 см саңылау қарастыру керек.

8.5.13 Арматопырақ жүйесінің соңында табанды-дренаждық призмаларды орнату керек (19 - сурет). Призмадан суды алдыңғы қабырғадан тыс шығару қажет.



1 – арматуралаушыгеотоқыма; 2 - құм; 3 – шағыл тасты призма; 4 - дорнит;
5 - бөлуші сүзгі материалы (тоқусыз)

19-сурет - Дренажды призманы салу

9 Көпір құрылыстарының үйінділермен түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.1 Көпір құрылыстарының цементтопырақ үйіндісімен түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.1.1 Кедір-бұдырлық жамылғы пішінінің сыну бұрыштарымен сипатталады. Көпірге көлбеу өтпелі тқтамен кірген кезде автомобиль пішіннің екі сынығында дүмпулерді сезінеді: өтпелі тақтаның басында (сынықтың ойыс бұрышы) және оның соңында - тіректе (сынықтың дөңес бұрышы). Пішіннің ең үлкен сыну бұрыштары: 6 % - I - II санаттағы жолдар үшін; 9 % - III санаттағы жолдар үшін және 12 % - IV - V санаттағы жолдар үшін.

9.1.2 Автомобильдің көпірге бірқалыпты кіруі үшін оны үймемен түйіндестіруді салу кезінде мыналарды қамтамасыз ету қажет:

а) жер төсемесі топырағының барлық биіктігі бойынша тиісті тығыздығын қамтамасыз ету (оңтайлы ылғалдылық кезінде топырақты тығыздау коэффициенті кемінде 0,98 - 1,0 болуы тиіс);

б) тіреулер мен конустарда құрғайтын төгіндіні, бүйірлі науаларбар жамылғы астындағы құрғату қабаттарды және жанасу шегінде жамылғы мен жол жиектерін сүзуге қарсы қорғауды қолдана отырып, жамылғыдан және үйінді денесінен жер үсті суларының сенімді ағуын жасау;

в) жер төсемесін тұрақты жамылғы құрылғысына дейін кемінде бір жыл ұстап тұру, оның барысында дененің және үйіндінің негізінің негізгі шөгуі орын алады;

г) жергілікті шөгінділер пайда болған аймақты жабу үшін және көпірдің жүру бөлігінің жол жамылғымысен тегіс жанасуын қамтамасыз ету үшін ұзындығы жеткілікті өтпелі тақталар төсеу.

9.1.3 Түйісуді жобалау үшін келесі мәліметтер қажет:

- іргетастың шөгуін болжау үшін қажетті топырақтардың физика-механикалық сипаттамалары бар (компрессиялық қисықтары бар) көпірге жақын үйінді негізінің инженерлік-геологиялық қимасы;

- үйіндінің биіктігі, оның үстіндегі ені және еңістердің төселуі;

- үйме үшін қолданылатын топырақтардың физика-механикалық сипаттамалары (оның ішінде тіреулер мен конустардың артындағы дренаждау үшін);

- жол төсемесінің құрылымы.

9.1.4 Түйісулер 3.503.1-96 сериялы «Союздорпроект» МБИ әзірлеген «Автожол көпірлері мен жол өтпелерін үйіндімен түйіндесміру» үлгілік жобасына сәйкес жобаланады.

9.1.5 Көпір маңындағы үйменің биіктігі гидравликалық және құрылымдық жағдайларға сүйене отырып, ҚР ЕЖ 3.03-101 жол төсемесінің астын жер асты немесе жер үсті суларының есептік деңгейінен 10 % асып кету ықтималдығымен немесе қамтамасыз етілмеген ағын кезінде жер бетінен жоғары көтеру туралы талаптарын сақтай отырып қабылданады.

9.1.6 Тығыздалған жер төсемесі денесінің соңғы шөгуі топырақтың түріне және 9.1-кесте бойынша үйіндінің биіктігіне байланысты қабылданады.

9.1-кесте - Тығыздалған жер төсемі денесінің шөгуі

Үйінді топырақтары	Үйіндінің шөгуі, %, биіктігінде, м		
	6 м-ге дейін	6 - 12	12 - 24
Саздар	0,6 - 0,8	1,0 - 1,3	1,9 - 2,2
Саздақтар	0,5	0,8	1,4
Құмдақтар	0,3	0,6	1,3

Үйінді салмағымен тығыздалған топырақтарға арналған үйінді негізінің соңғы шөгіндісі «Әлсіз топырақтағы автомобиль жолдарының жер төсемін жобалау жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес есептеледі (М., 2004). Жер төсемі себілгеннен кейін бір жылдан кейін үйінді денесінің шөгіндісін 50 %, ал негіздерін - 75% қабылдауға болады

9.1.7 Өтпелі тақталардың ұзындығы пішіннің рұқсат етілген сыну бұрыштарына (8.2-тармақ) сүйене отырып, өтпелі тақтаның ұшын үйінді денесінің және оның себілгеннен кейін бір жыл өткен соң қалған негізінің жалпы шөгінділерінің мөлшеріне түсірген кезде тағайындалады. Табиғи негізде шартты кедергісі 3 кгс/ см² дейін жоғары қысымды топырақтардан тұрғызылған іргетастың шөгуін есепке алғанда есептелген жиынтық шөгуді азайтуға болады.

9.2 Көпір құрылыстарының интегралдық тіреулері бар үйіндімен түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.2.1 Жасанды құрылымдармен түйіскен жердегі топырақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, егер топырақты мұқият тығыздау мүмкін болмаса, тығыздалмаған топырақтың беріктігі мен аязға төзімділігін арттыру әдісін оларды цементпен өңдеу арқылы қолдануға болады. Цементтің белгілі бір мөлшерімен тығыздалмаған топырақтың беріктігі қоспалармен өңделмеген, бірақ топырақтың қажетті тығыздығына дейін тығыздалған мәндерге ие болады.

9.2.2 Ұсынылған әдіс келесіндей мүмкіндіктер береді:

- топырақтың тығыздалмауы салдарынан түйісу орындарында үйіндінің деформациясын болдырмау;
- қолданылатын топырақтардың номенклатурасын кеңейту. Дренаждан басқа, цементпен нығайтуға жарамды кез-келген топырақты қолдану;
- жол жамылғысын төсегенге дейін жер төсемесін ұстау уақытын қысқарту;
- бірқатар жағдайларда түйісу және конустар орындарында үйіндінің еңістерін нығайту жөніндегі жұмыстардан бас тарту.

9.3 Тірек қабырғасымен көпір құрылыстарының түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.3.1 Көпір құрылыстарының үйіндімен түйісуінде интегралды тіректерді пайдаланған кезде деформациялық жікті аралық құрылым құрылымының түйісу торабынан кіреберіс үйіндісімен шығару қажет.

9.3.2 Бұл әсерге темірбетонды өтпелі тақтаны аралық құрылымымен

катты біріктіру, сондай-ақ тікбұрышты тіректің негізінде икемді болат қадаларды қолдану арқылы қол жеткізіледі. Бұл жағдайда өтпелі тақта тереңдетілмейді, бірақ көлденең аралық құрылым деңгейінде орналасады.

9.3.3 Шағын аралықтар көпірлері үшін болат темірбетонды аралық құрылыстарды қолдану.

9.4 Көпір құрылыстарының тіреу қабырғасымен түйісуін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.4.1 Автомобиль жолында тірек қабырғаларының орналасуы ҚР ЕЖ 3.03-101 тарауының талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

9.4.2 Бойлық бағытта тірек қабырғаның табанын көлденең алаңда немесе 0,02 дейінгі еңісте орналастыру керек. Төңіреткің еңісі 0,02%-ден жоғары болғанда қабырғаны баспалдақты табанмен орнату керек.

9.4.3 Тірек қабырға іргетасының орналасу тереңдігі негіздегі тассыз ісінгіш емес топырақтар кезінде 1 м-ден кем болмауы тиіс, ал басқа топырақтар кезінде, бұдан басқа, топырақтың тоңуының есептік тереңдігінен 0,25 м-ден кем болмауы тиіс. Тасты топырақтарға сүйенген кезде іргетастың табанының тереңдігі кемінде 0,25 м болуы керек.

Іргетастың түбінен тоңу тереңдігінен 0,25 м асатын тереңдікке дейін тығыздалған құмға немесе қиыршық тасқа арнайы төсем орналастырылған жағдайда, шұңқырлы емес тасты топырақтар жағдайындағыдай тереңдіктегі іргетасты жобалауға рұқсат етіледі.

Ісінуге бейім топырақтарға саздақтар, құмдақтар, шаңды және ұсақ құмдар, сондай-ақ салмағы бойынша 30% және одан да көп мөлшерде 0,1 мм бөлшектері бар ірі көлемді топырақтар жатады.

9.4.4 Темірбетон және бетонды тіреу қабырғаларының құрылымдарынан жобалау кезінде ҚР ЕЖ 3.03-112 көпірлердің темірбетон және бетон құрылымдарына қойылатын талаптарын орындау қажет.

9.4.5 Құрылымы аударылуға қарсы қабырғаның орнықтылығын арттыру үшін толтыру жағынан консольдық шығыңқы жер (жүктемені азайту консолі) көзделеді; сырғуға қарсы орнықтылықты арттыру үшін қабырғаның табанына шоғыр орнатылады немесе осы табанға оның топырақ бойынша сырғуына қабырға салмағының күші кедергі болатын еңіс беріледі.

9.4.6 Топырақпен жанасатын тіреу қабырғаларының беттері (іргетастың табанынан басқа) гидрооқшаулағышпен, мысалы, ыстық битуммен (2 рет) жабылуы керек.

Есептеуде ескерілетін топырақ пен осы беттер арасындағы үйкеліс

күштерін қамтамасыз ету үшін оларды біркелкі емес етіп жасау керек.

Бетон және темірбетон қабырғаларында бұған көлденең орналасқан көрші тақталарды бір-біріне қатысты 0,5...1,0 см жылжыту арқылы қол жеткізуге болады.

9.4.7 Жыра түбінен (жоғарғы қабырғалар үшін) немесе топырақ бетінен (төменгі қабырғалар үшін) кемінде 0,5 м биіктіктегі тірек қабырғаның артында тастан, шағыл тастан немесе қиыршық тастан жасалған бойлық дренаж (кемінде 0,04 көлбеу) орнатылуы керек. Дренаждың негізіне майлы саз қабатынан әзірleme берілуі немесе құрастырмалы темірбетон науалар салынуы тиіс. Тіреу қабырғасының денесінде кем дегенде 2 м сайын суды дренаждан шығару үшін түтіктер қамтамасыз етілуі керек.

9.4.8 Қабырғалар мен жүктемені азайтатын консольдерінің шығыңқы жерлеріне ағын орнату керек. Топырақ жағында орналасқан ағын тас пен ірі құм қабатымен жабылады.

9.4.9 Төменгі автожол тірек қабырғаларында көмудің көлденең беті кезінде тосқауыл типті қоршауды (темірбетон білеу, парапет түрінде және т.б.) көздеу керек.

9.4.10 Биіктігі 3 м және одан жоғары тірек қабырғалардың жанында қарау және пайдалану қызметін көрсету қолайлығы үшін қабырғалардың ұштары бойынша және әрбір 100 м аралықпен өтпезолдар ұйымдастыру қажет. Өтпезолдардың орнына қабырғаға бекітілген металл баспалдақтар немесе қапсырмалар орнатуға болады. Автомобиль жолдарында өтетін жолдар, баспалдақтар мен қапсырмалар жол жиегінен тыс болуы тиіс.

9.5 Арматопырақты көпір жүйелерін жобалауға қойылатын негізгі талаптар

9.5.1 Көпірдің арматопырақ жүйесі құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық жағдайларын ескере отырып, көпірдің жағалаулық еңіспен және кіреберіс үйінділерімен сенімді жанасуын қамтамасыз етуі тиіс.

9.5.2 Көпірдің арматопырақ жүйесі МЕМСТ 32960, МЕМСТ 33390, ҚР ЕЖ 3.03-101, ҚР ЕЖ 3.03-112 сәйкес пайдаланудың есептік мерзімі ішінде барлық жүктемелер мен әсерлерді қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс.

10 Жүктемелер мен әсерлер

10.1 Жалпы ережелер

10.1.1 Автокөлік құралдарының нормативтік жүктемелерін және жүктеу сұлбаларын ҚР ЕЖ 3.03-112, ҚР СТ 1380, МЕМСТ 32960,

МЕМСТ 33390 бойынша қабылдау қажет.

10.1.2 Жол жамылғысының салмағы өтпелі тақталардың, тірек қабырғаның және арматопырақ жүйесінің беті бойынша біркелкі бөлінген жүктеме түрінде ескерілуі тиіс.

10.1.3 Көпір құрылыстарының тіректері мен тірек қабырғалары көлденең және тік сыртқы жүктемелердің артқы беттердің құлау призмаларына және автомобиль көлігінің жылжымалы құрамынан, технологиялық жабдықтан, қоймаланатын материалдар мен бұйымдардан түсетін жүктемелерді қоса алғанда, алдыңғы беттердің алдындағы шықпаларына әсерін есептеу қажет.

10.1.4 Жылжымалы көліктен түсетін уақытша нормативтік жүктеме (20-сурет) ҚР ЕЖ 3.03-112 сәйкес тірек қабырға бойымен қозғалу кезінде ендік жолағы b_0 бойынша қарқындылығы эквивалентті біркелкі бөлінген (жолақты) жүктемеге q келтірілген:

- Екі жолақ түріндегі автокөлік құралдарынан АД - $b_0 = 2,5$ м,


$$q = K (10,85 + y_a \operatorname{tg} \theta_0) / (0,85 + y_a \operatorname{tg} \theta_0) \cdot 2,55, \text{ кПа}, \quad (10.1)$$

мұнда $K = 14$ - негізгі магистральдық жолдар үшін;

$K = 8$ - ішкі шаруашылық жолдар үшін;

$$q = K (10,85 + y_a \operatorname{tg} \theta_0) / (0,85 + y_a \operatorname{tg} \theta_0) \cdot 2,55, \text{ кПа}, \quad (10.2)$$

мұнда $K = 14$ - негізгі магистральдық жолдар үшін;



20-сурет - Жылжымалы көліктен түсетін жүктемелерді балама жүктеме жолағына беру сұлбасы

- Доңғалақты жүрісті бір машинадан түсетін ДЖ - $b_0 = 3,5$ м,

$$q = 112 / (1,9 + y_0 \operatorname{tg} \theta_0), \text{ кПа}; \quad (10.3)$$

10.1.5 Жүктеме бойынша сенімділік коэффициентінің мәндері γ_f шекті күйлердің бірінші тобы бойынша есептеу кезінде 10.1-кесте бойынша қабылдануы тиіс, онда жақшада көрсетілген коэффициент мәндері тұрақты жүктеменің азаюы құрылымның жұмыс жағдайын төмендетуі мүмкін жағдайларда құрылымдардың орнықтылығын есептеуге жатады.

10.1-кесте – Жүктеме бойынша сенімділік коэффициентінің γ_f мәні

Жүктемелер	Жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті γ_f
Тұрақты Құрылымның өзіндік салмағы, топырақтың табиғи күйдегі салмағы, жер асты суларының гидростатикалық қысымы	1,1 (0,9)
Тығыздалған топырақтың салмағы	1,15 (0,9)
Топырақтың салмағы	1,2 (0,9)
Жүру бөлігі мен жаяужолдардың жол жамылғысының салмағы	1,5
Уақытша ұзақ АД автомобильдер легінен, жабдықтардан, қоймаланатын материалдардан, аумақта біркелкі бөлінген жүктеме	1,2
Уақытша қысқа мерзімді Доңғалақты НЖ-80 және шынжыр табанды НЖ-60 жүктемеден	1,0
АБавтомобильдер легінен	1,1

Уақытша жүктеме үшін сенімділіктің динамикалық коэффициенті бірлікке тең қабылданады.

10.1.6 Жолдың қисық сызықты телімдеріндегі ортадан тепкіш күштерден горизонталь және көлденең жүктемелер тірек қабырғаларын есептеу кезінде ескерілмейді.

10.1.7 Құлау призмасына нақты жүктемелер болмаған кезде тіреу қабырғалары (көлбеу жерлерде орналасқандардан басқа) Н-10 автомобиль жүктемесін қамтитын қарқындылығы 10 кПа уақытша нормативтік біркелкі бөлінген жүктемені ескере отырып есептеледі.

10.2 Өтпелі тақталарға түсетін жүктеме

10.2.1 ҚР ЕЖ 3.03-112 6.3.1-т. сәйкес автокөлік құралдарынан нормативтік уақытша тік жүктеме қабылданады:

а) АК жолақтары түрінде (19-суретті қараңыз), олардың әрқайсысы 10 К (кН) осьтік жүктемесі бар бір екі осьті арбаны және v қарқындылығы біркелкі бөлінген жүктемені қамтиды (екі сорапқа) - k (кН/м), мұндағы s – ұзындық, м, дөңгелектің жүру бөлігінің жамылғысымен бар доңғалақтың жанасу ұзындығы.

Барлық көпір құрылыстары үшін жүктеме класын К 14-ке тең етіп қабылдау қажет.

б) А14 жүктемесіне жобаланған көпірлер мен құбырлар үшін оське 24,5 к (кН) жүктемесі бар Н14 төрт осьті арба түрінде.

10.2.2 Жолдың қисық сызықты телімдеріндегі ортадан тепкіш күштерден горизонталь және көлденең жүктемелер тірек қабырғаларын есептеу кезінде ескерілмейді.

10.2.3 Құлау призмасына нақты жүктемелер болмаған кезде, тірек қабырғалары (көлбеу жерлерде орналасқандардан басқа) қарқындылығы 10 кПа уақытша нормативтік біркелкі бөлінген жүктемені ескере отырып есептеледі.

10.2.4 Көпірді көрсетілген жүктемелермен жүктеу есептелетін элементтерде барынша көп күшпен, нормалармен белгіленген құрылымдарда барынша көп орын ауыстырулар (деформациялар) жасауы тиіс. Бұл ретте:

- көпірге орналастырылатын жүктеме жолақтарының саны қозғалыс жолақтарының белгіленген санынан аспауы тиіс;

- аралас жүктеме жолақтарының осьтері арасындағы қашықтық кемінде 3,0 м болуы тиіс;

- әрбір бағытта көп жолақты қозғалыс кезінде және көпірде бөлу жолағы болмаған кезде әрбір бағыттағы жүктеменің шеткі ішкі жолағының осі осьтік сызықтан немесе қозғалыс бағытын бөлетін сызықтан 1,5 м жақын орналаспауы тиіс.

10.2.5 ҚР ЕЖ 3.03-112 бойынша беріктік және орнықтылық бойынша көпірлердің құрылымдарын есептеу кезінде АД жүктемесінің әсер етуінің екі жағдайын қарау керек:

- біріншісі - жүру бөлігінде (қауіпсіздік жолақтары кірмейтін) жолақтар санынан аспайтын жүктеме жолақтарының санын тиімсіз орналастыруды көздейді;

- екіншісі - жүк тиелмеген жаяужолдарда екі жүктеме жолағын (бір жолақты көпірлерде – бір жүктеме жолағын) жүру төсемесінің бүкіл еніне тиімсіз орналастыруды көздейді.

Бұл ретте АД жүктемесінің шеткі белдеулерінің осьтері жүру бөлігінің жиегінен – бірінші және жүру төсемінің қоршауынан – екінші жағдайларда 1,5 м жақын орналаспауы тиіс.

10.2.6 Құрылымдарды төзімділікке есептеу кезінде және екінші топтың шекті жай-күйі бойынша АД жүктемесінің әсер етуінің бірінші жағдайын ғана қарастыру керек.

Қаралып отырған қимада бірнеше күш факторларының бірлескен әсерін айқындау кезінде әрбір фактор үшін АД жүктемесін ең қолайсыз жағдайға белгілеуге жол беріледі.

10.2.7 ДЖ ауыр бір реттік жүктемені қозғалыс бағыты бойынша көпірдің жүру бөлігінің кез келген телімінде (оған қауіпсіздік жолақтары кірмейді) орналастыру керек. ДЖ жүктемесінің осі жүру бөлігінің жиегінен 1,75 м жақын орналаспауы тиіс. ДЖ жүктемесі жаяужолдардағы уақытша жүктемемен, сейсмикалық жүктемелермен, сондай-ақ құрылымдарды төзімділікке есептеу кезінде ескерілмейді. Екінші шекті жағдай бойынша есептегенде ДЖ жүктемесі 0,8 коэффициентімен қабылданады.

10.2.8 Жүру бөлігітөсемесінің қалыңдығы шегінде қысымның таралуын 45° бұрышпен қабылдау қажет.

10.3 Топырақтың тірекке көлденең қысымы

10.3.1 Топырақтың меншікті салмағынан стандартты көлденең қысымды анықтау кезінде топырақтың ішкі ілінісуінің әсерін ескеру қажет.

10.3.2 Көлденең қысымды есептеуде негіздердің артқы бетіне топырақтың үйкеліс күші ескерілмейді.

10.3.3 Топырақтың көлденең қысымын кемінде 5 жыл тұрған қағылған, шайылған қадаларда немесе төгілген үйінділерде ескермеу керек.

Көлденең қысымды тек жоғарыдан төселген топырақта ескеру керек: үйіндінің жоғарғы жағындағы белгіден жоғары - топырақтың белсенді көлденең қысымы, төмен – артық қысым.

10.3.4 Негіздердің артқы бетіне E_1 (тс) көлденең қысымның нормативтік мәнінің нәтижесі (20-сурет) $Z_1 \geq h_B$ кезінде үйілмелі байланысты топырақтың меншікті салмағынан (табиғи бетінен жоғары) мынадай формула бойынша анықтауға жол беріледі:

$$E_1 = \frac{1}{2} e_1 (H - Z_1) \cdot B, \quad (10.4)$$

мұнда - топырақтың көлденең қысымы төмендегі формула бойынша анықталады $тс/м^2$:

$$e_1 = e_{x1} - e_{c1} = \gamma^H H \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi^H}{2} \right) - 2c \cdot \operatorname{tg} \left(45^\circ - \frac{\varphi^H}{2} \right)$$

γ^H - топырақтың көлемдік салмағының нормативтік мәні, $тс/м^3$;

φ^H - топырақтың ішкі үйкеліс бұрышының нормативтік мәні, град.;

C^H - топырақтың ішкі ілінісуінің нормативтік мәні, $тс/м^2$;

H - топырақтың есептік қабатының биіктігі, м, оның негізінен жол жамылғысының жоғарғы жағына дейін есептегенде;

B - көлденең қысым әсер ететін (бөлінетін) артқы беттің жазықтығындағы негіздің ені, м.


Z_1 шамасы (20-суретті қараңыз) төмендегі формула бойынша аныталады:

$$Z_1 = \frac{2C^H}{\gamma^H} \cdot \operatorname{ctg} \left(45^\circ - \frac{\varphi^H}{2} \right) \quad (10.5)$$

Егер $Z_1 < h_\delta$ ал тең әрекет ететін E_1 іргетастың еніне трапецеидальді қысым эпюрасының ауданы көбейтіндісі ретінде анықталса, үйінділі байланысқан топырақтың салмағынан тіректің көлденең қысым эпюралары төбесімен шектеледі.

10.3.4 Жаппай тұтас тірек үшін есептік ретінде оның толық енін, ал тіреулерден немесе қадалардан жасалған негіз үшін - үйіндіге қараған қалыңдықтардың сомасын қабылдау қажет. Көрсетілген элементтердің көлденең қимасының дөңгелек түрінде олардың диаметрі мөлшерінің қосындысы 0,9 коэффициентіне көбейтіледі.

10.3.5. Еңіс үйіндінің жоғарғы бөлігінің себілмелі құрғататын топырағының меншікті салмағынан негіздің артқы бетіне бір E_δ ($тс$) көлденең қысымының әсер ететін нормативтік мәні мынадай формула бойынша анықталады (21-сурет)



21-сурет - Тірек түріндегі іргетастармен, таяз төсеумен, қадалармен және терең төсеумен іргетастарға топырақ қысымын есептеу сұлбасы

$$E_{\partial} = \frac{1}{2} e_{\partial} \cdot h_{\partial} \cdot B, \quad (10.6)$$

мұнда - құрғататын топырақтың көлденең қысымы, тс/м² қабат табанының деңгейінде;

$$E_{\partial} = \gamma^H \cdot h_{\partial} \cdot \operatorname{tg}^2 \left(45^{\circ} - \frac{\varphi}{2} \right)$$

h_{∂} - құрғататын топырақ қабатының биіктігі, м, оның негізінен жол жамылғысының жоғарғы жағына дейін.

10.3.6 Топырақтың аралық жақтан тірекке түсетін көлденең қысымының нормативтік мәні E_2 белсенді қысым түрінде ескерілуі керек.

10.3.7. Көлденең қысымның алдыңғы беттен тірекке түсетін біркелкі әсер ететін қысымының нормативтік мәні E_2 (тс) (10.2-суретті қараңыз) себілмелі байланысқан топырақтың өз салмағынан (табиғи бетінен жоғары) мынадай формула бойынша анықталуы тиіс:

$$E_2 = \frac{1}{2} e_2 \cdot (H_2 - Z_2) \cdot B, \quad (10.7)$$

мұнда - формула бойынша анықталатын топырақтың көлденең қысымы тс/м²;

$$e_2 = 0,8 e_{x2} = 0,8 \gamma^H H_2 \cdot \frac{\cos \alpha \cdot \sin \left(45^{\circ} - \frac{\varphi^H}{2} \right)}{\cos \left(45^{\circ} - \frac{\varphi^H}{2} - \alpha \right) \cdot \operatorname{tg} \left(45^{\circ} + \frac{\varphi^H}{2} \right)}$$

α – конусты горизонтқа түзейтін еңіс бұрышы және топырақтың табиғи бетінің деңгейі, град.;

H_2 - топырақтың табиғи бетінен конустың түзілуіне дейінгі қашықтық, іргетастың алдыңғы беті бойымен тігінен өтеді, м;

Z_2 - топырақ қысымы жоқ тереңдік, м.

10.3.8 Топырақтың өз салмағынан көлденең қысымның есептік мәнін ең үлкен есептік жиынтық әсер беретін мәнге байланысты 1,2 немесе 1,0 артық жүктеме коэффициентімен оның нормативтік мәніне тең деп қабылдау керек.

10.4 Тірек қабырғаларға түсетін жүктемелер мен әсерлер

10.4.1 Табиғи бітімді топырақ сипаттамаларының мәндері, әдетте, далалық немесе зертханалық жағдайларда тікелей сынау және МЕМСТ 20522 бойынша олардың нәтижелерін статистикалық өңдеу жолымен анықталады. Олар төмендегідей белгіленеді:

- нормативтік - γ^H , φ^H және c^H ;

- шекті жағдайлардың бірінші тобы бойынша есептеулер үшін - γ_I , φ_I және c_I ;

- шекті жағдайлардың екінші тобы бойынша есептеулер үшін - γ_{II} , φ_{II} және c_{II} .

Практикалық есептеулер үшін топырақтың меншікті салмағын γ оның орташа мәнін бағалаудың дәлдік көрсеткішін ескере отырып алуға болады.

φ және c үшін олардың ең төменгі мәндері ғана қабылданады.

Тікелей анықтамалар болмаған кезде, топырақтардың φ , c және E топырақтары бұзылмаған, олардың φ^H және c^H нормативтік мәндерін бойынша қабылдауға рұқсат етіледі. Бұл ретте осы сипаттамалардың есептік мәндері мынадай болып қабылданады:

$$\gamma_I = 1,05\gamma^H, \gamma_{II} = \gamma^H; \quad \varphi_I = \varphi^H/\gamma_\varphi, \varphi_{II} = \varphi^H; \quad c_I = c^H/1,5, c_{II} = c^H,$$

мұнда γ_φ -топырақ бойынша сенімділік коэффициенті құмды топырақтар үшін 1,1 және шаңды-сазды топырақтар үшін 1,15 тең деп қабылданады.

10.4.2 k_y тығыздау коэффициентімен тығыздалған көмбе топырақтарының сипаттамаларының мәнін олардың табиғи қосылым тығыздығынан 0,95 кем емес, осы топырақтардың қасиеттері бойынша табиғи төсемде орнатуға рұқсат етіледі. Толтыру және табиғи қосу топырақтарының сипаттамалары арасындағы қатынастар келесідей қабылданады:

$$\gamma_{II}' = 0,95\gamma_{II}; \varphi_{II}' = 0,9\varphi_{II}; c_{II}' = 0,5c_{II}, \text{ но не более } 7 \text{ МПа};$$

$$\gamma_{II}' = 0,95\gamma_{II}; \varphi_{II}' = 0,9\varphi_{II}; c_{II}' = 0,5c_{II}, \text{ но не более } 10 \text{ МПа}.$$

Төсеу тереңдігі 3 м және одан аз құрылыстар үшін c_I' көму топырағының үлестілігінің шекті мәндері - 5 кПа - дан, ал c_{II}' - 7 кПа-дан аспауы тиіс. Биіктігі 1,5 м кем құрылыстар үшін c_I' мәнін нөлге теңдеп қабылдау керек.

10.4.3 Шектік үйлердің бірінші тобы бойынша есептеулерде топырақтың меншікті салмағынан қысымды анықтау кезінде топырақтың үлес салмағының мәні γ және γ' белгісін 10.1-кестеге сәйкес жүктеме бойынша сенімділік коэффициенттеріне көбейту қажет.

10.4.4 Тірек қабырғаға топырақтың қысымы белсенді E_a деп аталады. Егер қабырға оған қолданылатын ығысу күштерінің әсерінен жерге қарай жылжуға тырысса, онда ол топырақ жағынан пассивті қысым немесе E_{II} қайтару деп аталатын қарсылыққа тап болады.

10.4.5 Қабырға артындағы жердің көлденең беті және онда P_0 жүктемесінің болмауы, тік қабырға және қабырға мен топырақ арасында үйкелістің болмауы жағдайы үшін жер бетінен z тереңдікте жатқан нүктеде P_a топырағының белсенді қысымының қарқындылығы формуламен анықталады (топырақтың ілінуін есепке алмағанда):

$$P_a = \gamma_w z * \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.8)$$

Пассивті қысым P_{II} үшін:

$$P_{II} = \gamma_w z * \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.9)$$

мұнда P_a , P_{II} – жер бетінен z тереңдікте жатқан нүктедегі белсенді және пассивті қысым (21-сурет);

γ – көму топырағының көлемді салмағы;

φ – толтырудың ішкі үйкеліс бұрышы.

10.4.6 Ілінісуді ескере отырып, тік қабырғаның кез-келген нүктесіндегі қысым тең болады:

- белсенді


$$P_a = \gamma_w z * \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) - 2c \operatorname{tg} \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.10)$$

- пассив

$$P_{II} = \gamma_w z * \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) + 2c \operatorname{tg} \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.11)$$

10.4.7 P_a және P_p қысымының таралу эпюралары 18, а суретте көрсетілген. 22, б суретте құлау (белсенді қысым кезінде) және топырақтың шығуы (пассивті қысым кезінде) болатын бұрыштарды көрсетеді.

10.4.8 Егер толтырудың көлденең бетінде біркелкі бөлінген жүктеме P_0 әрекет етсе, онда топырақтың белсенді қысымын есептеу үшін ол h қуаттылықпен толтырылатын топырақ қабатымен ауыстырылады (23-сурет)



а-белсенді қысымның таралу диаграммасы; пассивті қысымның (кері қайтарудың) тірек қабырғаға таралу диаграммасы; б-құлау (белсенді қысым кезінде) және топырақты таңдау (пассивті қысым кезінде) болатын жазықтықтар; P_a және $P_{пз}$ тереңдігінде қабырғаға белсенді және пассивті қысым; E_a - қабырғаға түсетін толық белсенді қысым

22-сурет - Тіреу қабырғасына топырақ қысымын анықтау


$$h = \frac{P_0}{\gamma_w} \quad (10.12)$$

мұнда γ_w - көму топырағының көлемді салмағы.

Онда (10.37) формула келесіндей түрленеді:

$$P_a = \gamma_w(z + h) \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.13)$$

(108) формуласы бойынша қысымның таралу эпюралары 22-суретте көрсетілген.



P'_a - жүктеме жоқ; P''_a - біркелкі бөлінген жүктемемен P_0 қабырға артындағы жер бетінде

23-сурет - Тіреу қабырғасына түсетін қысымның таралу эюралары

10.4.9 Биіктігі H қабырғаға біркелкі байланыссыз топырақтың толық белсенді қысымы E_a мына формула бойынша анықталады:

$$E_a = \frac{1}{2} \gamma_w H^2 \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.14)$$

Қабырға іргетасының табанынан күшті қолдану нүктесінің қашықтығы E_a :

$$e = \frac{1}{3} H \quad (10.15)$$

10.4.10 Топырақ бетінде біркелкі бөлінген жүктеме P_0 болған кезде (26-сурет):

$$E_a = \frac{1}{2} \gamma_w H (H + 2h) \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.16)$$

Қабырға іргетасының табанынан күшті қолдану нүктесінің қашықтығы, E_a үлкен жүктемеде P_0 (22-сурет):

$$e = \frac{H H + 3h}{3 H + 2h} \quad (10.17)$$

10.4.11 Толық пассивті қысым мынаған тең:

$$E_n = \frac{1}{2} \gamma_w H^2 \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.18)$$

Топырақтың ілінісуін ескере отырып, қабырғаға топырақтың толық белсенді қысымы C_w төмендегі формуламен көрсетіледі:

$$E_a = \frac{1}{2} \gamma_w H^2 \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) - 2c \left[H * \operatorname{tg} \left(45^\circ - \frac{\varphi}{2} \right) - \frac{c_w}{\gamma_w} \right] \quad (10.19)$$

10.4.12 Іліністі ескере отырып, топырақтың толық пассивті қысымы (кері қайтару) мынаған тең:

$$E_{\text{п}} = \frac{1}{2} \gamma_w H^2 * \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) + 2cH \operatorname{tg} \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) \quad (10.20)$$

Соңғы жағдайда қабырға негізінің табанынан пассивті қысымды қолдану нүктесі (18, а сурет):

$$e = \frac{H}{3} * \frac{a+2d}{a+d} \quad (10.21)$$

11 Жағалық тіректерді есептеудің жалпы ережелері

11.1 Тіректердің жазық ығысуы

11.1.1 Тіректердің жазық ығысуын есептеуде артқы және алдыңғы жақтардағы (топырақтың табиғи бетінен жоғары) байланыстырылған топырақтың көлденең белсенді қысымынан басқа, қатты табанмен таяз және терең іргетастың іргетасындағы, сондай-ақ табиғи қысындылы топырақтарға ккмілгентақтасы бар іргетастардың қадаларында, қабықтарында немесе тіректерінде топырақтың шамадан тыс көлденең қысымын ескеру қажет. Табаны топырақтың табиғи бетінен жоғары орналасқан тақтасы бар іргетастар үшін артық қысым ескерілмейді.

11.1.2 Табиғи беттен төмен іргетасқа топырақтың шамадан тыс көлденең қысымы іргетастың тереңдігі, оның құрылысының ерекшеліктері мен үйіндінің өлшемдері шегінде топырақтың түріне байланысты анықталады (20-сурет).

11.1.3 Табиғи бет деңгейіндегі e_H топырақтың көлденең қысымының есептік мәні 11.1-кесте бойынша қабылданады, қауіпсіздік коэффициенті $K_T = 1$ болғанда.

11.1-кестеде қабылданды:


γ^H - топырақтың көлемдік салмағының нормативтік мәні, тс/м³;

n_l - үйіндінің ені мен биіктігінің топырақтың артық көлденең қысымының шамасына әсерін ескеретін коэффициент 11.2-кесте бойынша анықталады.

11.1.4 Конустың салмағынан себілмелі негіздің алдыңғы бетіне топырақтың көлденең қысымы (20, а және б суреті) табиғи бет деңгейінде 11.1-кестеде келтірілген шамалардың 2/3 тең шартты түрде қабылданады. H ретінде топырақтың табиғи бетінен массивтік іргетастың немесе қадалық іргетас тақтасының алдыңғы беті бойымен өтетін конустың түзілуіне дейінгі H_2 қашықтық қабылданады.

1.1.5 $e_H = 0,5\gamma^H n_l H$ мәндерінде қысымның таралуының есептік тереңдігі шартты түрде H_1 -ге тең деп қабылданады (24, в сурет). e_H басқа мәндерінде

қысымның таралу тереңдігі сәйкесінше артады немесе азаяды. Мұндай жағдайларда H_1 есептік тереңдігі көлденең аяқтардың шамалары (E_H мәні) белгілі болатын топырақ қысымы эпюраларының үшбұрыштарының ұқсастық жағдайын қарастырудан анықталады, ал H_1 мәні ізделеді. Сол сияқты H ретінде H_2 биіктігін қабылдай отырып, конус жағынан қарсы қысымды анықтау қажет.



а – төрт тағанды типі; б - ұсақ төселген; в - қадалы; г - терең төселген

24-сурет – Топырақтың іргетастары бар тіректерге түсетін қысымын есептеу сұлбасы

11.1-кесте - Көлденең қысымның нормативтік мәні

№ р/б	Топырақтар	Топырақтың табиғи бетінің деңгейіндегі көлденең қысымының E_H нормативтік мәні ($тс/м^2$)
1	Тығыз құмдар, қиыршық тастар, малтатастар, саздақтар және жартылай қатты саздар	$0,35 \gamma^H n_1 H$

2	Орташа тығыздықтағы құмдар мен құмдақтар, тығыз илемді саздақтар мен саздар	$0,50 \gamma^H n_1 H$
3	Құмдар мен құмдақтар, борпылдақ шаңды құмдар, жұмсақ илемді саздар мен саздақтар	$0,65 \gamma^H n_1 H$
4	Саздақтар, саздар мен тұнбалар аууышилемді және аққыш консистенциялы	$0,75 \gamma^H n_1 H$

11.2-кесте - n_1 коэффициентінің мәні

n_1 коэффициентінің мәні		
Үйіндінің үстіңгі жағаның ені, м	Үйіндінің биіктігі, и	
	10	30
10	0,6	0,7
20	0,7	0,8
30	0,8	0,9
40	0,9	1,0

Ескертпелер: 1. Үйіндінің үстіңгі жағының ені 10 м-ден кем болғанда n_1 коэффициентінің мәнін ені 10 м секілді қабылдау қажет.

2. Үйіндінің биіктігі мен енінің аралық мәндері үшін n_1 коэффициентінің мәнін интерполяция арқылы анықтайды.

11.1.6 Егер артық көлденең қысым эпюрасының жоғарғы жағы іргетастың астында орналасса, онда оның түбін табанының деңгейімен шектеу керек.

